

Әділетті Қазақстан

Түпкі мақсатымыз –
көшке ілесетін емес, сол
көшті бастайтын
елдердің қатарында болу.
Қазақстан үйренетін
емес, үйрететін,
тұтынатын емес,
өндіретін мемлекетке
айналуға тиіс.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМІ Ерболат ДОСАЕВ

Бостандық ауданының
тұрғындарымен кездеседі.
Жұздесу 20 сәуір күні сағат
9.00-де Розыбакиев көшесі,
227 мекенжайдағы Almaty
Management University
ғимаратында өтеді.
Кездесуді онлайн-режимде
«Алматы» телеарнасының
YouTube парақшасынан
және Бостандық әкімдігінің
Facebook парақшасынан
көруге болады.

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ



АЛМАТЫ – ҮЗДІКТЕР САПЫНДА

3

БҮГІН – ҒАШЫҚТАР КҮНІ



СҮЙІҢІЗ, СҮЙГЕНІҢІЗДІҢ СҮЙІКТІСІ БОЛЫҢЫЗ...

6-7

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

15.04.2023

Түнде:



+12+14 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+21+23 °C

Бұлттылықтың ұлғаюуы,
жаңбыр, кей уақытта
қатты, найзағай.



Желдің жылдамдығы:

3-8, найзағай кезінде екпіні 15 м/с

16.04.2023

Түнде:



+8+10 °C

Көшпелі бұлтты,
жаңбыр, найзағай.

Күндіз:



+15+17 °C

Көшпелі бұлтты, таңертең
жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы:

3-8, найзағай кезінде екпіні 15 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



QR-кодты
СКАНЕРЛЕП,
САЙТҚА
ӨТІҢІЗ

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №48 (6341) 15 сәуір, сенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

www.instagram.com/
aqshamy.official

www.facebook.com/
aqshamy.official

www.youtube.com/channel/
UCx23M2x1CHx6Br1JgqyqA

web.telegram.
org/k/#@aqshamy_kz

vk.com/
aqshamy.official

twitter.com/
aqshamy_kz

АҚОРДА

БАҒАНЫ ТҰРАҚТАНДЫРУ

және қазақстандықтарды отандық азық-түлікпен толық
қамтамасыз ету жөніндегі шаралар талқыланды



Мемлекет басшысы Премьер-Министрдің орынбасары – Сауда және интеграция министрін қабылдады

Кездесуде Президентке еліміздің сауда саласының
былтырғы даму қорытындысы, Үкіметтің бағаны
тұрақтандыру және қазақстандықтарды отандық азық-
түлікпен толық қамтамасыз ету жөніндегі шаралары туралы
баяндалды, сондай-ақ ауыл шаруашылығын дамытуға қатысты
ұсыныс берілді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев
әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары-
ның бағасын тұрақтандыру және ауыл шаруа-
шылығын дамыту, қосымша құны жоғары қа-
зақстандық тауарларды экспортқа белсенді
түрде шығару жұмыстарын жандандыруды тап-
сырды.

2

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

ӘЛЕУМЕТТІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

жайлы қалалық ортаны дамытуға
мүмкіндік береді



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Әуезов ауданының тұрғындарымен кездесті

Қала басшысы ауданның дамуы және тұрғындардан түскен ұсы-
ныстар бойынша атқарылған жұмыстар туралы айтып берді.
Кездесуге 150-ден астам тұрғын келді.

4-5

ҚЫСҚА...

- Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Иран Ислам Республикасының Президенті Ибраһим Раисимен телефон арқылы сөйлесті.
- Үкімет орта бизнесті қолдаудың кешенді бағдарламасын әзірлейді.
- Ұлттық қор активтерін басқару тұжырымдамасы әзірленді.
- Ресейде ТМД Парламентаралық Ассамблеясы Кеңесінің 55-ші пленарлық отырысы өтті.
- Ауа райына байланысты Алматының таулы аймақтарында тас құлау, қар көшкіні қаупі сақталады.
- Бүгін Көк-Төбе мәдениет және демалыс саябағында «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» ауқымды байқауы өтеді.
- Мемлекеттік қызметке кіру кезінде қазақ тілін білуге арналған тест тапсыру міндетті болуы мүмкін.
- 11-12 мамырда Қазақстан машина жасаушыларының XI форумы өтеді.
- Алматы кеденінде дәрі-дәрмек контрабандасының партиясы тәркіленді.
- Алматыдағы MEGA орталығында антитеррорлық оқу-жаттығу өтеді.
- Алматыда 20 сәуірден бастап жылу кезең-кезеңмен өшіріледі.
- Елімізде темекіге тәуелділіктен арылуды үйрететін мобильдік қосымша пайда болады.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >

«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ ПРЕЗИДЕНТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев теннисші Елена Рыбакинаны қабылдады.

Президент Australian Open, Индиан-Уэллс және Майами турнирлерінде керемет өнер көрсеткен спортшыны құттықтап, шеберлігі мен жеңіске деген ерік-жігері үшін ризашылығын білдірді. Қазақстандық теннисшілердің жетістігі өскелең ұрпақ арасында осы спорт түрінің танымалдылығын арттыруға септігін тигізетінін атап өтті. Өз кезегінде Елена Рыбакина жеңіс тұғырынан көрінген сәттерінде қолдау білдіргені және жүрекжарды құттықтауларын жолдағаны үшін Президентке алғыс айтты. Дәл осы теннисші алдағы уақытта да беделді халықаралық жарыстарда сәтті өнер көрсетуге бар күш-жігерін жұмсайтынын жеткізді.

Мемлекет басшысы атап өткендей, бүгінде елімізде 30 мыңнан аса адам тенниспен шұғылданады. Оның 10 мыңнан астамы – 10 жасқа дейінгі балалар. Осы спорт түріне бұқаралық сипат беру мақсатында еліміздің 17 аймағында теннис корттары салынған. Сондай-ақ, Baby tennis, «10 жасқа дейінгі теннис» секілді жобалар табысты жүзеге асырылып жатыр. Президент Парижде өтетін жазғы Олимпиада ойындарына лицензия ұтып алған отандық теннисшілерге сәттілік тіледі.

■ СЕНАТ

Маулен Әшімбаев Мәскеуде ресейлік жоғары оқу орындарында оқитын қазақстандық студенттермен кездесті. Сондай-ақ, Сенат Төрағасы сапар барысында ұлтымыздың бас ақыны Абай Құнанбайұлының ескерткішіне гүл шоғын қойды және Ресей Федерациясы Мемлекеттік Думасының Төрағасы Вячеслав Володинмен кездесті.

Студенттермен кездесуде Маулен Әшімбаев талантты, білімді жастар елімізді жаңғыртудың драйвері және Әділетті Қазақстан құру жолындағы маңызды күштердің бірі болуға тиіс екенін айтты. Сол себепті, Қазақстанда сапалы білім мәселесіне баса мән беріліп, бұл бағытта жүйелі жұмыс жүргізіліп келеді. Кездесуде әлемдегі бүгінгі сын-қатерлер мен жас ұрпақтың оларға қарсы тұру мәселесі де әңгімеге арқау болды. Сонымен қатар, Сенат Спикері Ресей Мемлекеттік Думасының Төрағасы Вячеслав Володинмен кездесті. Сұхбат кезінде Мемлекеттік Дума депутаттарымен сауда-экономикалық, инвестициялық, мәдени-гуманитарлық және өзге де салалардағы екіжақты ынтымақтастықтың құқықтық базасын жетілдіру жөніндегі өзара іс-қимыл перспективалары талқыланды.

■ МӘЖІЛІС

Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің мүшелеріне Кәсіби біліктілік туралы заң жобасының негізгі ережелері мен оған ілесіп түзетулерді Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Олжас Ордабаев таныстырды.

Заң аясында Ұлттық біліктілік жүйесі әзірленіп, бекітіледі және кәсіби біліктілік жүргізілетін мамандықтар тізбесі жасалады. Бұл тізілімді Ұлттық біліктілік жүйесінің цифрлық платформасында жүргізу жоспарланып отыр. Тізілімге қатысты ұсыныстарды мемлекеттік органдар мен салалық кеңестер енгізеді. Әзірлеушілердің пікірінше, заң жобаларының қабылдануы азаматтардың біліктілігін арттыруға, дағдылары мен құзыреттерін дамытуға мүмкіндік береді. Таныстырылым барысында депутаттар мен басқа да қатысушылар тиісті министрлік өкілдеріне нақты сұрақтарын қойды. Заң жобасын талқылау жұмыс тобында жалғасады. Оның құрамына Мәжіліс депутаттарымен қатар мемлекеттік органдар, білім және бизнес салаларының сарапшылары кіреді.

■ ҮКІМЕТ

Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен кеңесте орталық мемлекеттік органдардың және «Атамекен» ҰКП басшылығының қатысуымен орта кәсіпкерлікті дамытудың жаңа тәсілдері қаралды.

ҚР ҰЭМ мемлекеттік сатып алу саласын қосқанда, орта кәсіпкерлікке қатысты реттеу рәсімдерін жеңілдету, салық төлеуге ынталандыру, инвестициялық белсенділікті арттыру, әкімшілік жүктемені азайту және орта кәсіпкерлікті қолдауды кеңейту жөнінде шаралар ұсынды. Премьер-Министр негізінен аталған тәсілдерді мақұлдап, жаңа бастамаларды әзірлеу процесіне бизнес-қоғамдастықты белсенді түрде тартудың маңызын атап өтті. Үкімет басшысы тамыз айының соңына дейін орта бизнесті қолдаудың кешенді бағдарламасын әзірлеуді аяқтап, оны Шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасына біріктіру мүмкіндігін қарастыру қажеттігін атап өтті. Құжат бизнестің барлық сұранысын қанағаттандыруы керек.

■ ДЕМОНОПОЛИЗАЦИЯ

Үкімет басшысының төрағалығымен Экономиканы демонополизациялау жөніндегі комиссияның кезекті отырысы өтті.

Жиында «Астана қаласының ақылы автотұрақ кеңістігін құру, пайдалану және басқару» жобасы туралы ақпарат берілді. Жобаны жүзеге асыру үшін елорда әкімдігі 2018 жылы «Астана автотұрақ кеңістігі» ЖШС компаниясымен МЖӘ келісім-шартына отырған. Талқылау қорытындысы бойынша уәкілетті мемлекеттік органдарға аталған келісім-шартты республика заңнамасының нормаларын сақтау, оның ішінде монополияға қарсы реттеу тұрғысынан талдау тапсырылды. Сонымен қатар, отырыста энергетика саласындағы жекелеген нысандарды мемлекет меншігіне қайтару және қатты пайдалы қазбаларды барлауға бірқатар лицензиялар берудің заңдылығы мәселелері қаралды.

■ БАС ПРОКУРАТУРА

Бас Прокурор Берік Асыллов пен Адам құқықтары жөніндегі уәкіл Артур Ластаев өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды, деп хабарлайды ҚР БП баспасөз қызметі.

Меморандумның мақсаты – тиімді шаралар қабылдау және ортақ ресурстарды пайдалану арқылы азаптаулар мен басқа да рұқсат етілмеген тергеу әдістеріне бірлесу және қарсы тұру.

Келісім шеңберінде азаматтардың конституциялық құқықтарын бұзудың алғышарттарын анықтау және жою үшін қылмыстық қудалау органдары мен пенитенциарлық мекемелердің ғимараттарына бірлесіп бару, бұзылған құқықтарды қорғау және қалпына келтіру тетіктері туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізу, азаматтардың жеке қабылдауларының ұйымдастыру, ақпарат алмасу сияқты басқа да бірқатар шаралар жоспарлануда. Сонымен қатар, арыздарды тәулік бойы қабылдауды, жеткізу заңдылығына кенеттен тексерістер жүргізуді және басқа алдын алу шараларын қамтамасыз ететін Азаптауларға қарсы іс-қимыл бойынша бірінші кезектегі шаралар жоспары қабылданды.

(Дереккөздер: akorda.kz; parlam.kz; primeminister.kz).

■ АҚОРДА

БАҒАНЫ ТҰРАҚТАНДЫРУ

және қазақстандықтарды отандық азық-түлікпен толық қамтамасыз ету жөніндегі шаралар талқыланды

(Басы 1-бетте)

Премьер-Министрдің орынбасары – Сауда және интеграция министрі Серік Жұманғариннің айтуынша, 2022 жылы Қазақстандағы тауар айналымының жалпы көлемі – 134,4 миллиард долларға жеткен. Бұл көрсеткіш 2021 жылмен салыстырғанда 32,1 пайызға көп. Қызмет көрсету саудасы 26,3 пайызға өсіп, 12,3 миллиард дол-

ларды құрады. Қазақстанның барлық негізгі сауда серіктесімен өзара тауар айналымында өсім байқалады. Өңделген өнімдер экспорты 26,5 миллиард долларды құрап, бұрын-соңды болмаған көрсеткішке жетті. Терең өңделген экспорт тауарларының тізімі кеңейіп, отандық тауарлар жаңа экспорт нарықтарына шықты.

Президентке әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының

отандық өндірісінің жағдайы туралы айтылды. Қазақстан тұрғындардың қажеттілігін 19 өнім түрінің 10-ы бойынша толық, 6 өнім түрімен 80–98 пайыз және тағы үш өнім бойынша 50-ден 68 пайызға дейін қамтамасыз етеді. Импортқа тәуелділікті барынша азайту үшін алдағы уақытта өнімдерде іске асырылатын ірі агрожобалардың топтамасы жасакталады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

■ БРИФИНГ

2,2 МИЛЛИАРД ТЕҢГЕ мемлекетке қайтарылды

Алматының монополияға қарсы қызметкерлері сұйытылған мұнай газының бағасын қымбаттату фактісін анықтады

Алматы қаласының өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында бәсекенің дамуы және әртүрлі тауарлар мен қызмет нарықтарындағы монополиялардың жағдайы туралы ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаментінің басшысы Нұржан Ұранхаев айтып берді.



Досбол АТАЖАН

Ол басқарманың адал бәсекелестікті дамытуға ықпал ететінін, монополияға қарсы заңнаманы бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, тергеу және жолын кесу, бәсекелестікті шектейтін нарық субъектілерін монополиясыздандырумен айналысатынын баса айтты.

Сонымен бірге, жұмыс бағыттарының бірі бәсекелестік деңгейін анықтау үшін тауар нарықтарын талдау, үстем немесе монополиялық жағдайды іеленетін нарық субъектілері анықталды.

Осылайша 2022 жылы Департаментпен Алматы қаласының тауар нарықтарындағы мұнай өнімдерін, көмірді, электр энергиясын, азық-түлік өнімдерін (сүт, қант, күнбағыс майы, ас тұзы) бөлшек саудада өткізу сияқты бәсекелестік жағдайына 33 талдау жасалды. Олар қатты қалдықтар, такси ақпараты және диспетчерлік қызметтер, сымды интернет желілері және т.б.

Талдау нәтижелері бойынша 21 үстем және 6 монополист анықталды. 37 хабарлама, 17 нұсқама және 21 тексеру жүргізілгені туралы брифинг спикері бірқатар мысалдар келтірді.

Ведомствоның қорытындысы негізінде «Петросун» ЖШС-нің

әрекетімен сұйытылған мұнай газын сату кезінде монополиялық жоғары бағаларды пайдалану фактілері анықталған.

«2021 жылдың қыркүйегі мен қарашасы аралығында сұйытылған мұнай газының көтерме бағасы уәкілетті орган бекіткен шекті бағадан 30%-дан астам өсіп, тоннасына 183 мың теңгені құраған. Бұл өсім «Петросун» ЖШС-нің биржалық сауда-саттық кезінде тауар бағасының объективті дәлелді себептерсіз үздіксіз көтерілуінің нәтижесі болды», – деді қысқаша Нұржан Ұранхаев.

Нәтижесінде қабылданған шаралардың қорытындысы бойынша мемлекетке 2,2 миллиард теңгеден астам шығын өтелген.

Алдағы уақытта монополияға қарсы органның қорытындысымен нарықтың жекелеген субъектілеріне мұнай өнімдерін (АИ-92, ДТ) өткізуден негізсіз бас тартуда көрсетілген өзінің үстем жағдайын теріс пайдалану фактісі бойынша «Петросун» ЖШС 600 миллион теңгеден астам сомаға әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Сотта қарау нәтижелері бойынша монополияға қарсы органның іс-әрекеттері заңды және негізді деп танылып, бүгінгі таңда айыппұл сомасы толығымен бюджетке төленген.

■ ЖАСЫЛ ҚАЛА

АҒАШҚА КҮТІМ КЕРЕК

Алматыда жасыл желекті жыл сайынғы биологиялық өңдеу жұмыстары басталды

Ағаштардың қалыпты жағдайын сақтау және зиянкестерге төзімділігін арттыру мақсатында 14 сәуірден бастап қаланың жасыл желегін биологиялық өңдеу жұмыстары басталды.

Зиянкестерге өңдеуден кейінгі әсерді күшейту үшін биылдан бастап бірінші кезеңде (вегетация басында) емендер төрт рет, теректер екі реттен өңделетін болады. Бұған дейін олар бір рет ғана өңделетін. Алайда, бұл өңдеу реттілігі аздығының тиімсіз екендігі дәлелденді және ағаштарды сақтап қалуға мүмкіндік бермейтіні анықталды.

Жұмыс барысында адамға құстар мен жануарларға зиянсыз, климаттық ерекшеліктерді ескере отырып ҚР аумағында қолдануға рұқсат етілген сертификатталған қауіптілігі төмен класқа жататын (II-4) биологиялық және кейбір кездерде химиялық препараттар қолданылады.

Жапырақ кеміргіш және зең ауруларын қоздырғыш зиянкестерге қарсы өңдеу жұмысымен 2,3 миллионнан астам ағашты қамту жоспарланған. Зиянкестер мен аурулардың биологиялық ерекшелігіне қарай өңдеу жұмыстары түнде және таңғы уақытта жүзеге асырылады.

Биыл биологиялық өңдеу жұмыстары әдеттегідей төрт кезеңмен – 14 сәуірден 20 мамырға дейін; 30 мамырдан 30 маусымға дейін; 10 шілдеден 10 тамызға дейін және 20 тамыздан 20 қыркүйекке дейінгі уақыт аралығында жүргізіледі.

Құралай ЖҰМАДІЛОВА.

■ СОТ ШЕШІМІ

Қала құрылысын бақылау басқармасының жоспардан тыс тексеруі барысында Наурызбай ауданындағы «Ақжар» шағынауданында орналасқан мейрамхананың рұқсат құжаттарысыз салынып жатқаны анықталған болатын.



МЕЙРАМХАНА СҮРІЛДІ

Алматыда заңсыз салынған құрылыстарды анықтап, оларды бұзу жұмысы жанданды

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Меншік иесіне қатысты ҚР Кодексінің 316-бабының 1-бөлігі, 321, 463 бабының 1-бөлігі бойынша әкімшілік шаралар қабылданып, анықталған заңбұзушылықтарды жою туралы ұсыныс берілді. Меншік иесі ұсыным талаптарын орындамаған соң, басқарма Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына заңсыз салынып жатқан объектіні бұзу туралы талап-арыз берді.

26.08.2022 жылы сот шешімімен талап-арыз толық көлемде қанағаттандырылды. Алайда, жауапкер апелляциялық шағым берді.

19.10.2022 жылы қалалық соттың қаулысымен бірінші инстанциядағы соттың шешімі өзгеріссіз қалды. Сөйтіп, 2023 жылдың 13 сәуірінде сот орындаушыларының қатысуымен нысан сүріле бастады.



● ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ

ИНВЕСТИЦИЯ – 2022

Қазақстанға тікелей шетелдік инвестициялардың рекордтық көлемі тартылды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев әрдайым еліміздің инвестициялық климатын жақсарту мәселесіне айрықша мән беріп, оны жаңа қоғамның, «Әділетті Қазақстан» бағдарының маңызды бағыты ретінде қарастырады. Бұл ретте тау-кен металлургия кешені, ауыл шаруашылығы, жасыл энергетика мен


фармацевтика сынды келешегі зор әлеуетті салаларға инвестиция тарту – мүдделі және басым бағыттар қатарында аталған болатын.

Президент тұжырымдағандай, инвестиция көлемін арттыру – мемлекетті дамытудың басты факторларының бірі.

Үкіметке индустрия және жер қойнауын игеру салаларының инвестициялық тартымдылығын арттыруды тапсырамын... Жалпы, инвестиция тарту жұмысын жүйелі жүргізу керек. Бұл – Үкіметтің алдында тұрған басты міндеттің бірі.

(Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауынан).

2022 ЖЫЛЫ ҚАЗАҚСТАНҒА ТІКЕЛІ ШЕТЕЛДІК ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫҢ СОҢҒЫ 10 ЖЫЛДАҒЫ РЕКОРДТЫҚ КӨЛЕМІ ТАРТЫЛДЫ



ИНВЕСТИЦИЯ ҚҰЙЫЛАТЫН САЛАЛАР:

ТАУ-КЕН ӨНЕРКӘСІБІ – \$12,1 МЛРД
ӨНДЕУ ӨНЕРКӘСІБІ – \$5,6 МЛРД
КӨТЕРМЕ ЖӘНЕ БӨЛШЕК САУДА – \$5,08 МЛРД
КӨЛІК ЖӘНЕ ҚОЙМАЛАУ – \$1,1 МЛРД
ҚҰРЫЛЫС – \$698 МЛН
ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ ҚЫЗМЕТІ – \$650 МЛН

АЛМАТЫ – ҮЗДІКТЕР САПЫНДА

Еліміз бойынша шетелдік капиталды тартуда үздік үш өңір анықталды. Олар:

- Атырау облысы – \$8,2 млрд (+48%);
- Алматы қаласы – \$7,57 млрд (+11%);
- Астана қаласы – \$2,25 млрд (өсім – 2 есе).

Осы апта басында Үкіметтің интернет-ресурсы хабарлағандай, 2022 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанға тартылған тікелей шетелдік инвестициялардың жалпы көлемі \$28 млрд-ты құраған. Бұл 2021 жылғы көрсеткіштен 17,7%-ға артық (\$23,8 млрд). Статистика деректеріне көз жүгіртсек, бұл соңғы 10 жылдағы рекордтық көрсеткіш!

Осылайша Үкімет пен өңірлер әкімдіктері жұмысының арқасында өткен жылы Қазақстан Республикасының инвестициялық саясаты тұжырымдамасының 2026 жылға дейінгі аралық нысаналы индикаторлары 14,3%-ға асыра орындалған (жоспар – \$24 млрд) екен.

Ал республикаға тартылған инвестициялар көлемі бойынша Нидерланды, АҚШ, Швейцария көш бастап тұр. Елімізге инвестиция құйып отырған үздік ондық елдер сапында Бельгия, Ресей, Оңтүстік Корея, Қытай, Франция, Ұлыбритания және Германия мемлекеттері бар.

Республика аясында шетелдік капиталды тартуда белсенділік танытқан басқа өңірлердің көрсеткіштері төмендегідей: ШҚО –

\$2,2 млрд (+3%), БКО – \$1,12 млрд (+7%), Алматы облысы – \$698,2 млн (+47%), Ақмола облысы – \$376,3 млн (өсім – 6,3 есе), Қызылорда облысы – \$336,5 млн (+36%), СҚО – \$105,7 млн (өсім – 3 есе) және Жамбыл облысы – \$62 млн (өсім – 3 есе).

Шетел капиталы ең көп тартылған салалар:

- тау-кен өнеркәсібі – \$12,1 млрд (+25%);
- өңдеу өнеркәсібі – \$5,6 млрд (+3%);
- көтерме және бөлшек сауда – \$5,08 млрд (+36%);
- кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет – \$1,1 млрд (өсім – 2,1 есе);
- көлік және қоймалау – \$1,1 млрд (+14%);
- құрылыс – \$698 млн (-3%);
- қаржылық және сақтандыру қызметі – \$650 млн (-60%);
- электрмен жабдықтау және газ беру – \$635,6 млн (өсім – 2,8 есе).

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: primeminister.kz).

● СТУДЕНТТЕР ҮЙІ

ЖАТАҚХАНАНЫҢ АЛҒАШҚЫ КІРПІШІ ҚАЛАНДЫ

Қалашықта құрылыс қарқынды жүреді

Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында қазақ білімінің қарашаңырағы Әл-Фараби атындағы ұлттық университетте құрылыстың екінші кезеңі басталып, жаңадан салынатын жатақхананың алғашқы қадамы қағылды. Осынау салтанатты шараға Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Ұлттық ғылым академиясының президенті Күнсұлу Закардия, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы басқарма төрағасының бірінші орынбасары Мақсат Қиқымов, Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әлішер Әбдіқадыров, Алматы қаласы кәсіпкерлер палатасының төрағасы Әуез Тайымбетов қатысты.



қолдауының арқасында қалашық ішінен 12 мың студентті қамтитын жаңа жатақханалар бой көтеретін болды. Бүгін ең алғашқы жатақхананың кірпіші қаланып жатыр. Бас жоспарға сәйкес, жаңадан бой көтеретін ғимараттар қатарында 12 жатақхана, 9 оқу корпусы, 5 әкімшілік ғимарат салынады. Алғашқы құрылыстың іргетасы қаланып, қапсулаға министрдің қолы қойылған арнайы хатты саламыз. Тау етегіне түрен салып, қалашықта құрылыс басталады, – деді ректор.

Осынау алып құрылысқа қолдау білдіріп жатқан шаһар басшысына алғысын білдіріп, қала әкімінің орынбасары Әлішер Әбдіқадыров сөз кезегін ұсынды. Өз кезегінде қала басшысының орынбасары еліміздің мақтанышы болған оқу ордасына қашанда қолдау білдіріп, көмек көрсетуге дайын екендіктерін жеткізді.

Салтанатты шараның қонағы, Астанадан арнайы келген Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек елімізде ең алғашқы академиялық қалашық болып

ашылған оқу ордасына 1974-1975 жылдан бері қомақты қаржының бөлінбегенін, араға ұзақ жылдар салып Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолдауының арқасында университеттің екінші тынысы ашылып жатқанына тоқталды.

– Біз үшін өте қуанышты күн болып отыр. Бұл білімге, ғылымға көрсетіліп жатқан қолдау. Сондықтан оқу ордасын жаңа инновациялық деңгейге жеткізейік. Білікті мамандар даярлап, еліміздің дамуына үлес қосайық.

Жалпы, Алматыдағы ең өзекті мәселе жатақхана тапшылығы екенін білесіздер. Мәселен, 180 мыңнан астам студенттің кем дегенде 30 мыңы жатақханаға мұқтаж. Біз Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес «Алматы қаласының даму бағдарламасы» негізінде министрлікпен бірлесіп, жатақхана мәселесін 4-5 жылдың ішінде шешуді қолға алған едік. Әрине, ең алдымен қала аумағындағы жердің тапшылығы кедергі болғанымен, жатақхана құрылысын салуға ниетті инвесторлар өте көп, – деді министр.

Сонымен қатар, Ғылым және жоғары білім министрі Қонаевта академиялық қалашық салу жұмыстарының басталғаны мен «2023–2029 жылдарға арналған Жоғары білім мен ғылымды дамыту тұжырымдамасының» жобасы туралы кеңінен баяндады. Жоба барысында студенттер жатақханасының саны артып, 7 жылда жаңадан 10 мың орын ашуды жоспарлап отырғанын жеткізді.



Рая
ЕСКЕНДІР

Алғашқы сөз кезегін алған оқу ордасының басшысы Жансейіт Қансейітұлы оқу ордасының екінші тынысы ашылып, қарқынды құрылыс басталатынын жеткізді.

– Баршамыз тарихи сәтке куә болып отырмыз. Мемлекет басшысының тікелей



ӘКІМ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Әуезов ауданының тұрғындарымен кездесті

Ерболат Досаев ағымдағы жылдың сәуір айынан бастап орталықсыздандырудың арқасында Әуезов ауданының бюджеті екі еседен астам өсіп, 23,4 млрд теңгеге жеткенін еске салды. Берілген 15 функцияның бірі – жолдарды ағымдағы жөндеу. Биыл ауданда жалпы ауданы 23 мың м² 250 млн теңге болатын жұмыстар жоспарланған. Орташа жөндеу жалпы ұзындығы 12,8 км болатын 14 көшеде жүргізіледі. Жұмыс мамыр айында басталып, қараша айында аяқталады.

Аудандағы жол инфрақұрылымы мәселелері өзекті болып қала береді.

Көлік жүктемесін азайтуға Жұбанов көшесін – Момышұлы көшесінен қала шекарасына дейін ұзарту ықпал етеді. Ұзартуға арналған мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынды.

Инженерлік коммуникациялармен байланысты проблемалар аудан тұрғындарын да алаңдатады. Соңғы сатыда тұрған жобалау кезеңі және конкурстық рәсімдер аяқталғаннан кейін ауданның ең проблемалы 4 учаскесінде сумен жабдықтау және кәріз желілерін салу және жаңғырту басталады. Бұл «Достық», «Мамыр-4» ықшамаудандары, Саин – Шалыпин – Жандосов көшелері, Қарғалы өзенінің жағалауы, сондай-ақ Арычная, Ықылас, Западная көшелерінің учаскесі. Осы жобаларды іске асыру 11 мыңнан астам абонентті сапалы сумен және кәрізбен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Алматы қаласы әкімінің тапсырмасы бойынша өткен жылы аула аумақтарын жөндеу және абаттандыру жұмыстары басталды (ауданда барлығы 966 аула бар). Биыл 161 ауланы жаңғырту жоспарланған, жұмыстар қараша айында аяқталады.

Наурыз айында Әуезов ауданының магистральдық көшелеріндегі (Абай даңғылы мен Момышұлы көшесі бойындағы) үнемі су басып қалатын 7 проблемалық учаскесінің соңғы 2-еуі жойылды.

Дамыған әлеуметтік инфрақұрылым мәселелері қаланың тұрақты назарында. Оқушы орындарының тапшылығын азайту үшін бұрынғы «Белкамит» зауытының аумағында 900 орынды мектеп салу жоспарланған. 2 мектепте сейсмикалық күшейтумен күрделі жөндеу аяқталды. Жаңа оқу жылы басталғанға дейін тағы 2 мектепте осындай жұмыстар аяқталатын болады.

Ауданда қоғамдық қауіпсіздік мәселе-

(Басы 1-бетте)

СҰРАҚ-ЖАУАП

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Әуезов ауданында атқарылған жұмыстар жайлы және алдағы уақытта істелетін жоба-жоспарлар туралы баяндамасынан кейін аудан тұрғындарының сұрақтарына жауап берді.

Аудан ақсақалы кәріз құбырындағы кемістіктен зардап шегіп отырғанын айтып шағымданды.

– Менің жасым 80-де. Өмірімде бұлай ел алдына келіп бірдене сұрап көрген жоқпын. Амалсыздан алдына келіп тұрмын. Мен «Алмас» ықшамауданы, 53-үйде тұрамын. Үйдің ауласынан канализация өтеді және сол жерде қақпағы бар. Біздің көшеден төмен кететін жерде кәріз құбырының іші бітеліп қалған. Соның кесірінен менің үйіме 100 тонна су кірді. Оны үлкен Камаздармен өз ақшама тазаладым. Ауланың бәрі суға толды. Бір рет тазаладым, екі рет тазаладым, енді кеше үшінші рет тазалауға тура келді. Үйге кіру мүмкін болмай қалды. Соны аудан әкімдігі біледі. Өздері канализацияны жөндеп береміз деді. Бірақ 1 жыл болды жасата алмай жүрмін. Небәрі, бекітіліп тұрған жерді қазып, құбырды ауыстыра салу керек, – деді ақсақал.

Қала әкімі айтылған сұраққа байланысты тиісті мекеме-лерге тапсырма берді.

– Аға, «Алмас» шағынауданының сұрақтары бойынша тапсырма бердім. Мына жерде балаңыз тұр, аты – Санжар, фамилиясы – Алин. Осы біздің Энергетика және сумен жабдықтау басқармасының басшысы. Кездесуден кейін «Алматы Су» мекемесінің қызметкерлерімен бірігіп, сіздің мекен-жайыңызға барады. Не ауыстыру керектігін көріп, жұмыстарын істейді. Тапсырма бердім, өзім тексеремін, – деді қала әкімі.

Аудан тұрғындарының бірі шаһар басшысына бағдаршамдарға қатысты ұсыныс айтты.

– Білесіздер ғой, Алматыда барлығы орталыққа, ал кешке қала сыртына қарай жүреді. Сондықтан бағдаршамдарды саралау арқылы басқаруды ұсынамын: танертең көбірек қалаға қарай бағыттап және кешке керісінше жасау керек. Жалпы, бағдаршам жұмысын реттеу туралы



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

лері белсенді түрде шешілуде. Көшелердегі «Сергек» кешендерімен жалпы қамту 149 бірлікке дейін жеткізіледі. Сонымен қатар, ауданда адамдар көп жиналатын орындарда қосымша 700-ге жуық камера орнату жоспарлануда.

Әкіммен өткен тұрақты кездесулер барысында тұрғындар жайлы қалалық ортаны дамыту жөнінде тілектерін білдірді. «Ақсай-2» ықшамауданындағы абаттандырылған саябақ сияқты «Ақсай-4» ықшамауданындағы скверді модернизациялау жоспарлануда. Шалов бульварында ұзындығы 660 метр, ауданы – 3,7 га заманауи жаяу жүргіншілер аймағын құрудың ЖСҚ әзірленді. жұмыс шілде айында басталып, жыл соңына дейін аяқталады.

Қала әкімінің тапсырмасы бойынша ақпан айынан бастап «Сайран» көлінің түбін шөгінділерден механикалық тазарту жұмыстары жүргізілуде. Жұмыс мамыр айының соңына дейін аяқталады. Көлдің түбін тазала-

лағаннан кейін оның жағалауын реконструкциялау, абаттандыру жоспарлануда. Тиісті құжаттама бойынша мемлекеттік сараптаманың қорытындысы сәуір айында қолға тиеді деп күтілуде.

«Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында 2023 жылы аудан тұрғындарының өтінімдері бойынша 875 млн теңгеге 16 жобаны іске асыру жоспарлануда.

Ауданда 14 көше жөнделуде

Әуезов ауданында мамыр айында жолдарды орташа және шұңқырларды жөндеу жұмыстары басталады. 2023 жылға жалпы ұзындығы 12,8 км болатын 14 көше мен өтпелі жолдарды орташа жөндеу жоспарланған. Бұл туралы әкім Ерболат Досаев халықпен кездесуде айтты. Жалпы, 2023 жылы қалада ұзындығы 200 км болатын 220 көшеде жол жабынын орташа жөндеу жоспарланған.

«Орталықсыздандыру аясында 2023 жылдан бастап жолдарды ағымдағы жөндеуді аудан әкімдіктері жүргізетін болады. Әуезов ауданы бойынша жалпы ауданы 23 мың м² жөндеу жоспарланған», – деп атап өтті қала басшысы.

307 учаске сатып алынады

Қала әкімі Жұбанов көшесін – Момышұлы көшесінен қала шекарасына дейін ұзартуға ЖСҚ мемлекеттік сараптамасының оң қорытындысын алу туралы айтты. Бұл Әуезов ауданының дамуына, көлік жүктемесін төмендетуге және қоғамдық көлікпен қызмет көрсету сапасын жақсартуға ықпал етеді.

«Сатып алуға жататын 307 учаске анықталды. Оның 50-і биыл сатып алынады. Бүгінгі таңда мердігерлік ұйымды анықтау бойынша конкурстық рәсімдер

НАҚТЫ ТАПСЫРМАЛАР,

идеялар көп, – деді Әуезов ауданының тұрғыны.

Шаһар басшысы бұл мәселе бойынша жұмыс істеліп жатқанын айтты.

– Қала бір орында тұрған жоқ. Біз қазір екінші сатысына келдік. Бағдаршамдарды реттеу үшін жасанды интеллекті қолдану мәселесін жыл соңына дейін айқындаймыз деп ойлаймын. Мұндай тәжірибе Алматыдан бөлек көптеген жерде бар. Яғни қарбалас сааттарда бағдаршамдарды жасанды интеллект басқарады. Қазір сіздің жобаңызды да қарастырайық, осында отырған менің орынбасарым Асқар Әмринге жолығыңыз, – деді Е.Досаев.

«Жетісу-1» шағынауданының тұрғыны қала басшысынан бірнеше мәселені қарастыруды өтінді.

– Мен «Жетісу-1» шағынауданында, 20-үйде тұрамын. Ауламызда қарашадан бері жөндеу жұмыстары жүрді, сосын қоқыстары қалды. Қаңтарда қар болғаннан кейін оны жинау қиын деп ойладық. Қазір көктем келді, ешкім әлі жинаған жоқ. Қазір тағы да өз жұмыстарын істеп жатыр, бірақ қоқысты ешкім жинамады. Екінші, ит мәселесі. Соған бір шара қолдансаңыз. Үшіншіден, мен көпбалалы анамын. Наурыздың 23-24-інде екі бірдей баламның телефонын ұрлап кетті. Арыз жаздым. Еш қозғалыс жоқ. Участкелік полиция қызметкеріне хабарлассам, алмайды. Мүлдем жауап бермейді, – деді тұрғын.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Қала басшысы жергілікті полиция қызметіне осы сұраққа байланысты тапсырма берді.

– Жергілікті полиция қызметінің басшылығына тапсырма беремін. Өз қызметкерлеріне қатысты тиісті шара қолдансын. Біреу көп хабарласады, біреу аз, бірақ сұрақпен келген адамдарға жауап беруі керек. Жергілікті Полиция басқармасының басшысымен танысып алыңыз, қазір сізді қабылдайды. Басқа сұрақтарыңыз бойынша 1 сәуірден бастап бәрі аудан әкімінің қолында. Өткен жылдары аудан әкімдіктерінде өздері шешім қабылдау үшін бюджет болған жоқ, сондықтан осы жылы сіздікі секілді сұрақтарды тез шешу үшін



ИНФРАҚҰРЫЛЫМ



мүмкіндік береді



жүргізілуде», – деп атап өтті Ерболат Досаев.

161 аула абаттанады

Қала әкімі қараша айында аяқталатын аулаларды абаттандыру және жөндеу жұмыстары туралы да айтып берді. 7, 8, 10, 12 шағынаудандары мен «Жетісу-1, 2, 3, 4» шағынаудандарының 161 ауласы қамтылады. Осы аулаларды абаттандыруды жүргізу осы шағынаудандарда тұратын 60 мыңға жуық қала тұрғыны үшін қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, Әуезов ауданы тұрғындарының жайлы тұруы үшін наурыз айында Абай даңғылы мен Момышұлы көшесіндегі екі проблемалық үнемі су басу учаскесі жойылды. Бұл ауданның магистральдық көшелеріндегі су тасқыны мәселесін шешуге көмектесті.

11 мың тұрғын сапалы сумен қамтамасыз етіледі

Әуезов ауданындағы ең проблемалы 4 учаскеде сумен жабдықтау және кәріз желілерін салу және жаңғырту жұмыстары жүргізілуде.

Жұмыстар 2024 жылдың соңына дейін «Достық» ш/а-да іске асырылатын болады. Арычная, Ықылас, Западная көшелерінде, «Мамыр-4» ықшамауданында, Саин – Шалыпин – Жандосов көшелері, Қарғалы өзенінің жағалауында жұмыстар аяқталады.

«Біз жобалау кезеңін аяқтап жатырмыз, бұдан әрі конкурстық рәсімдер өтіп, ҚМЖ басталады. Мұның бәрі 11 мыңнан астам тұрғынды сапалы сумен және кәрізбен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді», – деп атап өтті Ерболат Досаев.

200 адам қабылдайтын отбасылық-дәрігерлік амбулатория салынады

Бұл қолданыстағы аудандық емхананың жүктемесін түсіруге мүмкіндік береді. Қала әкімінің айтуынша, бүгінде жұмыстар 90%-ға аяқталды, мамыр айында нысан пайдалануға беріледі. Ол қаланы дамыған әлеуметтік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету қалалық және аудандық әкімдіктердің жұмысында басымдық болып табылатынын атап өтті. Сондықтан Әуезов ауданының әкімдігі «Қуаныш» ш/ауданында ауысымда 300 адам қабылдайтын №18 емхананың жаңа негізгі ғимаратын салу үшін жер учаскесін сатып алуды жоспарлап отыр. Қазіргі уақытта жер учаскесінің құны несімен келісілуде. Құрылыс осы емхананың шамадан тыс жүктелу мәселесін толығымен шешуге мүмкіндік береді.

ОҢ ШЕШІМДЕР

бәрін өз қолдарына бердік. Сұрақтарыңызға байланысты аудан әкіміне тапсырма бердім, – деді Ерболат Асқарбекұлы.

Өз кезегімен сұрақ қойған тұрғын көп уақыттан бері иесі табылмаған автотұрақтың мәселесін көтерді.

– «Жетісу-2» ықшамауданында 16 және 19-үйлердің арасында автотұрақ бар. Оның тұрғанына 10 жылдан астам уақыт болды. Біз меншік иесінің кім екенін түсіне алмай жүрміз. Келісім-шарттар да, фискалдық чектер де жоқ – олар ештеңе бермейді, жауапкершілік көтермейді, бірақ біз ай сайын ақша төлейміз. Жер жеке меншікте деп естідік, – деді тұрғын.

– Жалпы автотұрақ мәселесіне қатысты біз мынандай жұмыстарды іске асырамыз: қала атынан жалға алынған автотұрақтардың жерлерін «Алматы паркинге» береміз. Сондай-ақ, бұл қызметтерді қала атынан көрсетеміз және жиналған ақша Алматы бюджетіне түсетін болады.

Ал сіздің жағдайыңызды біз анықтаймыз. Жер қатынастары басқармасы арқылы жердің мәртебесін біліп, қаланың Мобильділік басқармасымен бірге не істеуге болатынын анықтаймыз. Одан кейін Мемлекеттік кірістер департаментіне бизнесті тексеруге мораторий жариялағанына қарамастан, прокуратурамен бірге меншік иесінің салық төлеу жағдайын пысықтауды тапсырамын, – деді қала басшысы.

Әуезов ауданының келесі тұрғыны үйлерінің жертелесін жылда су басатынын айтып, көмек сұрады.

– Мен «Ақсай-1» шағынауданы, 1-үйде тұрамын. Сол үйдің мәселесімен келіп тұрмын. Қанша жылдан бері біздің үйдің жертелесін су басып кетеді. Ылға ПИК-ке (пәтер иелерінің кооперативі) айтамыз, ал олар келеді де, құр суды тазалап кетеді. Мұнда мәселе бүкіл құбырларды ауыстыру керек. Сосын «Алматы Суды» шақырамыз, бәрі бір-біріне сілтейді. Бұл мәселенің шешілетін күні бола ма? Біздің үйге 39 жыл болған. Біз қанша рет айттық, қанша рет жаздық, ешқандай көмек болмай жатыр. Сол енді өзіңізден келіп көмек сұрап отырмыз. Қалай жанбыр жауса, жертелеге кәріз суы толып кетеді. Үйдің артқы жағы төмен қарай түсіп жатыр. Көріп шошып отырмыз. Бірдене болса, сұмдық жағдай болайын деп тұр, – деп шағымданды тұрғын.

Қала басшысы айтылған сұрақтарды шешу үшін аудан әкіміне тапсырма берді.

– Тұрғын үйдің қасындағы желілерді ауыстыру мәселесі қалаға қарайды, бірақ үйдің ішіндегі желілерді біз ауыстырмаймыз. Жергілікті бюджетте ондай мүмкіндік жоқ. Заң бойынша үйдің ішінде не бар, бәрі сіздердікі, қалаға қарамайды. Бірақ былай істейік, аудан әкіміне тапсырма беремін, ендігі жетінің басында шақырып, сіздерді қабылдайды. Қандай мемлекеттік бағдарлама бар, ПИК-пен сөйлесу және өзге мәселелер бойынша көмектеседі, – деді қала әкімі.

● ТҮЙІН:

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевпен 2 сағатқа созылған кездесу барысында аудан тұрғындары кәріз және электр желілерін жөндеу, аудан аймағын абаттандыру және т.б. мәселелерді көтерді. Кездесуге 150-ден астам адам келді. Шаһар басшысы тұрғындардың әрбір өтініш-ұсыныстарын тыңдап, әр түйткілді мәселенің нақты шешілу жолдары жөнінде сала бойынша қалалық, жергілікті жауапты құрылымдық басшылардың пікір-бағдарлары ескеріліп, оң шешімдер қабылдады.

Айта кеткен жөн, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен бекітілген халықпен кездесулердің жаңа форматына сәйкес Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев халықпен 24 кездесу өткізеді.

Өзірлегендер Гүлжанат СЕМБАЕВА, Досбол АТАЖАН.

● САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

ӘУЕЗОВ АУДАНЫ



Сәуір айынан бастап
Әуезов ауданының бюджеті
екі есе өсіп,
23,4 млрд
теңгеге жетті



Биыл жалпы ұзындығы
12,8 КМ болатын
14 көшеде орташа жөндеу
жүргізіледі



«Белкамит» зауытының
аумағында **900** орынды
мектеп салынады



Ауданда қосымша
700-ге
жуық камера орнатылады



«Халық қатысатын бюджет»
бағдарламасы аясында
875 млн теңгеге
16 жоба іске асырылады



РАМАЗАН-2023

Мұсылманның бес парызының бірі 30 күн оразаның да аяқталуына санаулы күндер қалды. Қасиетті Рамазан айының соңғы онкүндігінде мың айдан да қайырлы Қадір түні жасырылған. Биылғы Қадір түні ҚМДБ шариғат және пәтуа бөлімі жариялаған діни күнтізбеге сәйкес оразаның 27-сі түніне, яғни 17 сәуірге белгіленіп отыр. Дәл осы түні қала мешіттері құлшылық жасауға келген халыққа толады. Жылдан-жылға Рамазанда ауыз бекітетін, Қадір түнін мешітте күтетін адамдардың қарасы көбейіп келеді.

ҚАДІР ТҮНІН МЕШІТТЕ КҮТЕТІНДЕР КӨП

Қазіргі күні Алматы қаласында 50 мешітте тарауих намаздары оқылып, Құран хатым жасалынып жатыр. Жыл сайын жаңадан салынып жатқан мешіттердің саны да арта түсуде. Кеңес үкіметі орнаған жылдары Алматыда небәрі 12 мешіт болған екен. Тарихи деректерде олар Шала қазақ мешіті, Татар, Ұйғыр, Дүнген мешіті және тағы басқалар.

Бүгінде мегаполистегі ең ірі, ең көне, әрі тарихи жәдігер саналатын құлшылық орны – Алматы Орталық мешіті. Бұл ғимарат республикадағы сәулетті зәулім мешіттер қатарына кіреді.

Бекзат СЫЗДЫҚОВ,
Алматы Орталық мешітінің
наиб имамы:

Құлшылық жасаймын
деген жанға еш
кедергі жоқ

Біздің Орталық мешітте жыл сайын Қадір түнін күтуге 10 000-ға жуық халық жиналады. Қадір түнін өткізуге арналған жоспар бойынша тарауих намаздары оқылып, жамағатты сергіту сәтінде викториналық сұрақ-жауаптар алмасады. Қадір түніне арнайы Құран хатым дұғалары бағышталып, мешіт имамдарының түрлі тақырыптарда уағыздары жүргізіледі. Сонымен қатар, жамағаттың еркін ғибадат жасауына да мүмкіндік беріледі. Мешітте құлшылық жасауға, Қадір түнін күтуге келетін жамағатқа барынша жағдай жасалған. Ғимаратта ерлер мен әйелдерге арналған бөлек залдар бар. Әйелдер залында да арнайы жоспармен мешіт ұстаздары келген жамағаттың сұрақтарына жауап беріп, намаз үйрену дәрістерін өткізеді. Сондай-ақ, зағиптар мен құлағы нашар естудің жандардың, мүгедектігі бар адамдардың да мешітке келуіне еш кедергі жоқ. Жылдағы үрдіспен Қадір түнін мешітте өткізуге келген жамағатқа арнайы сәресі беру жоспарлануда.

Айнұр СЕНБАЕВА.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

2023 жылғы 15 сәуірде, сағат 15.00-де Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының қолдауымен Қазақстандағы ғашықтар күніне орай «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» ауқымды байқауы өтеді. Іс-шара Көк-Төбе мәдениет және демалыс саябағында өтеді.

МАХАББАТ МЕРЕКЕСІ

СҮЙІҢІЗ, СҮЙГЕНІҢІЗДІҢ

Қозы Көрпеш пен Баян сұлу –

Бүгін – Ғашықтар күні. 2011 жылы Алматы әкімдігінің Жастар саясаты басқармасы 15 сәуірді Ұлттық ғашықтар күні ретінде белгілеп, ресми іс-шаралардың қатарына қосқан болатын. Сол уақыттан бері жер-жерде жастар бұл мерекені түрліше атап өтіп, ойын-сауық іс-шараларын ұйымдастырып, ғашықтар бір-біріне деген кіршіксіз сезімін білдіріп жатады.



Коллажды жасаған Нұрбоосын ӨРІСҮЛЫ.

АҚТОЛҚЫН
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Ғашықтар күнінің тұрақты тойланып келе жатқанына 13 жыл болғанымен, алғаш Қозы Көрпеш – Баян сұлу күнін республика көлемінде атап өтуді 1999 жылы Дархан Мыңбай ұсынған болатын. Бастама көптің көңілінен шықты. Бірақ

мемлекет бойынша нақты күні белгіленбегендіктен, еліміздің әр өңірінде бұл мереке әр кезде атап өтіліп жүрді.

Ұлттық ғашықтар күнін белгілеудегі мақсат – жастардың жат ағымдарға бой алдыруына жол бермеу, аты да, заты да қазаққа бөтен «эулие Валентиннен» алыстату еді. Иә, осыдан 10–15 жыл бұрынғы уақытпен салыстырғанда «Валентин күнін» күтіп, қызыл жүрекшелер

тарататындар қатары әлдеқайда азайды.

Әр адам үшін өзінің өмірлік серігін, жүрегінің жартысын жолықтырған күн – махаббат мерекесі. Дегенмен, жылына бір рет махаббат күнін атап өтіп, бір-біріне сый-құрмет көрсету, гүл сыйлау ешбір жұпқа артықтық етпесі анық. Біз бүгін елге белгілі танымал жандардың ерекше махаббат хикаясы туралы баяндаймыз.

Меруерт ӨТЕКЕШОВА:

Мәңгілік жүрегімде

Ел бізді «Қыз Жібек» фильмінде танысып, үйленіп кетті деп ойлайды. Киносынақ кезінде танысқанымыз рас. Бастапқыда мүлдем сөйлескен де жоқпыз. Бірақ күнде түсіру алаңында кездесіп қалғандықтан, бірте-бірте бауыр басып кеттік. Екеуіміз де жаспыз, екеуіміз де әдеміміз. Сөйтіп жүріп, бір-бірімізге ғашық болып қалдық. Екінші курста оқып жүргенде Құман екеуіміз Ғани Мұратбаев туралы «Біздің Ғани» деген киноға түстік. Құман Ғани рөлін сомдаса, мен оның зайыбы Раушанды ойнадым. Содан кейін екеуіміз үйлендік. Тойымыз кино секілді өтті, «Қыз Жібек» киносындағы образдарымызбен киініп шықтық. Менің бетімді Шеге (Әнуар Молдабеков) домбырамен ашты. Асанәлі ағамыз асаба болды. Ресми некемізді тіркеу киностудияда болды. Кейіннен театрда да бірге жұмыс істедік. Құман дәл Төлегендей ашық-жарқын, адал адам болды. Құманмен өмірімді байланыстырғаным еш уақытта өкінбедім. Өнерде де, өмірде де мәңгілік серігім болды.



Жүрсін ЕРМАН:

«56 жыл ғашық болдым...»

Біз мектепті бітіре салысымен таныстық. Бір-бірімізді бойжеткен мен бозбала кезімізден білеміз. Бақытжамалдың жездесі Боздақ деген ауылда тұратын. Сол жерге менің туған ағам мал дәрігері болып барды да, Ауыл шаруашылығы қызметкері күні болды. «Вечер» жасайтын едік. Сол кезде ұнатып қалдым. Қыр соңынан қалмай қойдым. «56 жыл ғашық болдым мен саған, 56 жыл өмір сүрдім ендеше» дегендей ғой.



Ұлту ҚАБАЕВА:

«Бәрі достықтан басталған...»



Өнер студиясына түскен кезде бәріміз де жан-жақтан келдік. Ол кезде колхоз жұмыстарына жіберуші еді. Сонда бізді Панфилов ауданына картоп теруге жіберді. Әңгіменің бәрі картоптан басталды. Ол кезде бір ай, бір жарым ай сол колхоз жұмысында жүретінбіз. Сол кезде танысып, білісіп, дос болдық. Әңгіме достықтан басталып, арты махаббатқа ұласты. Алғашқы кезде оның ұнатқан қызы болды, мен оны ұнатқан қызымен кездесуіне көмектесіп жүретінмін. Сөйтіп жүріп, ол қыз тұрмысқа шығып кетті, Рамазан әскерде жүргенде алып қашты. Біздің достығымыз махаббатқа ұласты, сөйтіп үй болып кеттік.



СҮЙІКТІСІ БОЛЫҢЫЗ...

мәңгілік махаббат символы

● БІЗДІҢ ДӘЙЕКТЕМЕ:

- Ғашықтар күнін атап өту жайлы ұсыныс осыдан 20 жыл бұрын айтылған.
- 1999 жылы қоғам қайраткері Дархан Мыңбай мәңгілік махаббат символы – Қозы Көрпеш – Баян сұлу күнін белгілеу туралы ұсыныс айтқан.
- Қазақ халқында бұл жұп – мәңгілік махаббат пен кіршіксіз сезімнің символы.
- Бұл күн – ұлттық мәдениетімізге, халқымыздың салт-дәстүрлері мен адамгершілік рухына негізделген дәстүрге айналып келеді.
- Қазақстанда тек 2011 жылдан бастап бұл күн мерекелік күн ретінде тойлана бастады. Осы жылы Алматы қаласы әкімдігінің жастар саясаты басқармасы бұл күнді өздерінің ресми шараларының қатарына қосты.
- Қозы Көрпеш – Баян сұлу эпосы – халқымыздың асыл қазынасы. Бір-біріне қосыла алмаған қос ғашықтың қайғылы махаббатын жырлайды.
- Лиро-эпостық жыр XIII-XIV ғасырлардан бастап жырланып, XIX ғасырдың орта тұсында қағазға түсірілді.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Амангелді КЕҢШІЛІКҰЛЫ, жазушы:

Ұғым аясын кеңейту маңызды



«Валентин» күнін тоқтату үшін осындай «Ғашықтар» күнін ойлап тапқаны – құптарлық іс. Өйткенімен, осы ұғымды қыз бен жігіттің арасындағы махаббатпен ғана байланыстырып, соның аясында ғана қалдыруға болмайды. Бұл күнді ананың балаларына махаббаты, баланың ата-анасына махаббаты сияқты кең ауқымда қарастыру керек, сонда қоғамға тез сіңіп кетеді.

Осы мейрамның дербестігімізбен бірге қазаққа қайта оралғаны жөн болды. Өйткені, әр халықтың өзіне тән ұлттық дүниесі болары анық. Ең бастысы, заманға сай етіп, ұғым аясын кеңейту маңызды деп білеміз.

Ардақ БЕРКІМБАЙ, тарихшы, этнограф:

Салт-дәстүрлеріміздің тәрбиелік мәні бар



Махаббат күнін ұлттық танымымызға, салт-дәстүрлерімізге қайшы келмейтіндей етіп атап өткен абзал. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу күні» деген атау сәтті қойылған деп ойлаймын. Енді осы күнге арнап символ ойлап табу керек. Қазақ дәстүрінде «қызға қырық үйден тыйым» деп қыз баланың тәрбиесіне ерекше мән берген. Өз сезімін бірінші болып сөзбен жеткізбеген. Сондықтан бойжеткендер сезімдерін кестелі орамал сыйлау арқылы білдірген. Ата-бабаларымыздан қалған салт-дәстүрлеріміздің барлығының жөн-жосығы, тәрбиелік мәні бар.

Бұл атаулы күнді ежелгі дәстүрлерімізді жаңғыртып, заманға сай қолдана білуіміз керек. Бозбалалар мен бойжеткендер бастанғы жасаса болады. Ертеерте ауылда үйдің үлкендері жолаушылап кеткенде, ауыл жастары сол үйге жиналып, бастанғы жасаған. Ол әрине үлкендердің рұқсатымен болған. Осындай кештерде құрбы-құрдастар араласып, бір-бірін жақын танып, бойжете бастаған қыздар жағы қонақ күтудің жол-жоралғыларын үйренеді. Өн айтылып, күй шертіліп, ойындар ойналған. Айлы, жарық түнде ақсүйек ойнаған. Алтыбақан құрылып, бозбалалар мен бойжеткендер махаббат әндерін шырап, бір-біріне жеткізе алмай жүрген сезімдерін түспалдап жеткізген. Наурыз мейрамында бойжеткендер жігіттерге «ұйқыашар», ал бозбалалар қыздарға «селт еткізер» сыйлықтарын жасаған. Яғни білезік, жүзік, сырға, моншақ сынды сәндік бұйымдарды сыйлаған. Махаббат күніне орай білезік пен кестелі орамалды символға айналдыруға болады. Кестелі орамалдарға Қозы Көрпеш – Баян сұлудың бейнесін салып, арнайы белгісі бар білезіктер шығаруға болады. Қызыл жүрекшелерді ұлттық нақышта жасап, ұсынса көпшілікке қолжетімді болар еді. Мұның бәрі өз сезімінді білдірудің көрінісі. Осы дәстүрлерімізді «Қозы Көрпеш – Баян сұлу күнінде» жаңғырта білсек, өзіміздің ұлттық нақыштағы «махаббат күніне» айналар еді.



Нұрлан ҚОЯНБАЕВ:

«Таразға ізден барсам, ол шымкенттік екен»

Мен оқу орнын бітірген жылы Аграрлық университетте ректордың көмекшісі болып жұмыс істедім. Әйгерім 1-курс студенті болды. Сырттай таныс болдық. Кейін бір мейрамханада кездесіп қалдық. Сол жерде жақын таныса бастадық. Ол кезде менің елге танылып жүрген кезім. Соны пайдаланып өзімді іскер адамша көрсеттім. Телефон нөмірін алып, бір аптадан соң хабарласам дедім. Оған дейін қолым тимейтінін айттым. Бірақ үйде бос жаттым. Бір аптадан соң хабарласып сөйлестік. Кейін Әйгерімнің ата-анасымен танысу үшін Таразға бардық. Әйгерімге хабарлассақ, ол Шымкентте екенін айтты. Ол сөйтсем шымкенттік екен. Қайта Шымкентке жол жүрдік. Осылайша отбасылы болғанымызға 15 жылдан астам уақыт өтті.



РАМАЗАН-2023



«ОРАЗАҒА ҚАТЫСТЫ 200 СҰРАҚ»: оқырмандар назарына кезекті жеті «сұрақ-жауаптан» тұратын топтаманы ұсынамыз.

ОРАЗА ҚАБЫЛ БОЛСЫН, ҰСТАҒАН ЖАН!

МЕЙІРІМ МЕН ІЗГІЛІК АЙЫ

Адамзатты рухани тазаруға және жан-жақты кемелденуге бастайды

(Басы өткен сандарда)

- Дәрет алып жатқанда байқамай тамақтан су кетіп қалса, ораза бұзыла ма?
- Ораза екендігін біле тұра тамағынан немесе мұрын қуысынан байқаусызда болса да су кірсе, оразасы бұзылады. Қазасын өтеуі міндет. Алайда, «ақыры оразам бұзылды ғой» деп ішіп-жеуіне болмайды.
- Ораза уақытында гүл сияқты хош иісті өсімдіктерді иіскеуге бола ма?
- Гүл, әтір сияқты хош иісті заттарды иіскеу оразаны бұзбайды. Сонымен қатар, түрлі иіссуларды пайдалану да оразаға зиян келтірмейді. Алайда, темекі сияқты заттардың түтінін әдейі иіскеу оразаны бұзады.
- Күндіз әйелімен жақындасып қойса не болады?
- Рамазанда күндіз әдейі жақындасқан жағдайда ерлі-зайыптылардың оразасы бұзылады. Оны өтеуі арасын үзбей екі ай толық ораза ұстау және бір күн қазасын тұту. Ал егер оған шамасы жетпесе, 60 міскінді тамақтандырады. Алайда, ораза екенін ұмытып жақындасса, оразасы бұзылмайды.

- Рамазан айы 21 сәуірде аяқталады.
- Сәуірдің 17-сінен 18-іне қараған түн – Қадір түні.
- 21 сәуір – Ораза айт мерекесі.
- Биыл пітір садақа мөлшері – 535 теңге.

- Оразада ауыз ашқаннан соң ерлі-зайыптыларға жақындасуға бола ма?
- Иә. Алла Тағала Құранда, «Бақара» сүресінің 187-аятында: «Сендерге оразаның кешінде әйелдеріңе жақындасу халал етілді», – делінген.
- Ораза кезінде әйелін (күйеуін) құшақтап, сүйеге бола ма?
- Айша анамыз (Алла оған разы болсын): «Оразада Пайғамбар жарларын құшақтап, сүйетін еді, алайда басқаларға қарағанда ол өз-өзіне ие болатын», – деген. Бұл жерде ескеретін жағдай, әйелін сүйгенде шәулет бөлініп кетпейтініне және жыныстық қатынасқа түсіп қоймайтынына сенімді болса, сүйеге рұқсат. Сенімді болмаса, сақтанған жөн. Өйткені, бұл әрекеттің соңы оразаның бұзылуына апаруы мүмкін. Ал баланы иіскеп сүюдің еш сөкеттігі жоқ.
- Ораза уақытында ауызға жанбыр тамшысы кіріп кетіп оны жұтып қойса, ораза бұзыла ма?
- Ораза екені есінде бола тұра аузына тиген жанбыр тамшысын абайсызда жұтып қойса, оразасы бұзылады. Мұндайда бір күн қазасын өтеуі қажет. Егер ораза екенін ұмытып, жанбыр суы еріксіз аузына кірсе, бұзылмайды. Ал әдейі жұтатын болса, оразасы бұзылып, кәффарат өтеуі шарт болады.
- Оразада түкірігін жұтып қойса, ораза бұзыла ма?
- Түкірік немесе сілекей жұту оразаны бұзбайды. Алайда, түкірікті әдейілеп жинап жұтуға болмайды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Жалғасы бар).



ДӘРУГЕР

НЕОНАТОЛОГ

НӘРЕСТЕГЕ ЕКІНШІ ӨМІР СЫЙЛАЙТЫН МАМАН



Жаратқанның әйел адамға берген ең ғажап сыйы – ана болу, сәби сүю бақыты. Жас ананың құшағындағы жақұттан қымбат нәрестенің дені сау, болашағы жарқын болуы үшін ерекше күтім қажет. Өкінішке қарай, барлық сәби жарық дүниеге сап-сау болып келе қалмайды. Денсаулығында кінәратымен туған жұдырықтай ғана нәрестелерге екінші өмір сыйлайтын мамандардың арқасында елімізде қаншама бала адам қатарына қосылып, ата-анасын қуантады. Мамандығын өмірінің мәніне байлайтын еліміздегі алдыңғы қатарлы дәрігерлердің бірі, неонатальды хирург – Гүлмира Кәукенбаева. Білікті маман Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығының Неонатология және нәрестелер хирургиясы бөлімінде 14 жылдан бері еңбек етіп келеді.

кезінде емделмеген жағдайда іштегі ұрыққа кері әсерін тигізеді. Көп жағдайда жас аналар ауруы асқынған кезде балаларды дәрігерге көрсетеді. Медицина қызметкерлері қолдан келген көмектерін, шараларын жасайды. Дегенмен де, қай салада болмасын өзінің кемістіктері бар екенін жоққа шығармаймыз. Жергілікті дәрігерлер дер кезінде диагноз қойып, баланы дұрыс емдеуі үшін ата-анаға жөн сілтеп жіберуде қателіктер жібереді. Ең басты мәселе – дәрігердің ата-анамен дұрыс сұхбат жүргізуі. Айталық, біздің орталыққа келгенге дейін жүкті әйелдер бірнеше мекеменің есігін тоздырады. Сондықтан пациентке дұрыс бағдар беріп, жол нұсқап жіберетін жанапшыр дәрігерлер көп болса екен деп тілеймін», – дейді ол.

Айнұр
СЕНБАЕВА

ҰРПАҚ САУЛЫҒЫ МАҢЫЗДЫ

Гүлмира Төлепбекқызы оқушы кезінен дәрігер болу туралы ойлана бастаған екен. Алматы облысы, Ақсу ауданы, Ойтоған ауылының тумасы Гүлмира дәрігер осы мамандықты таңдағанына өкінбейтінін айтады.

«Мен негізі дәрігер болуды мектепте оқып жүргенімде атам ауыр дертке шалдыққан кезде ойлана бастағанмын. Кейін 9-сыныпта әжеме екпе салу керек болып, ең алғаш рет екпе салдым. Сол кезде әжем «қызымның қолы жұмсақ, мүлдем ауырмады, дәрігер болатын шығар» деп мақтағаны бар. Мектепті бітіргеннен кейін, ойлана келе дәрігерлік мамандыққа баруды жөн көрдім. Педиатрия факультетін таңдадым, өйткені балаларды өте жақсы көремін, тез тіл табысамын. Бала деген – өмірдің гүлі ғой. Хирургияны да ойланбастан таңдадым.

Атақты балалар дәрігері Камал Ормантаев ағамыз тағайындаған стипендияны жеңіп алған соң хирургия саласында жұмыс істейтініме сенімді болдым. Неонатальды хирургияға келуіме ұстазым Бақтияр Тұрсынқұлов себепкер болды. Сондай-ақ, өмірден өтіп кеткен Владимир Литовш, Нұрлан Ахпаров сынды ұстаздарымнан дәріс алғанымды мақтан тұтам», – дейді маман.

ЖҰДЫРЫҚТАЙ ЖҮРЕК

Құрсаққа біткен кішкентай ғана жүректің тоғыз ай бойы үздіксіз соғып, жарық дүниеге келгеннен кейін де сағат санап өсіп, адам болам дегенше ананың мейірі мен білікті дәрігердің қамқорлығына зәру. Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығында жылына Алматы қаласы мен республиканың әртүрлі аймақтарынан 500-ден астам жаңа туған нәрестелер мен шала туған сәбилерге көмек көрсетіледі.

1959 жылдан бастап ана мен бала принципі бойынша жұмыс істеп келе жатқан Неонатология және нәрестелер хирургиясы бөлімінде салмағы 500-грамнан басталатын шала туған нәрестелерді күту және емдеу, туа біткен кемістігі және хирургиялық патологиялары бар нәрестелерге шұғыл

медициналық көмек, шала туған нәрестелер ретинопатиясына хирургиялық ем жасалады.

Жаңа туған нәрестелердің осы контингентіне өңеш атрезиясы, диафрагмальды жарықтар, ішек бітелісі, аноректальды даму ақаулары, гастрошизис, омфалоцеле, сегізкөз-құйымшақ аймағы тератомалары және басқа да туа біткен даму ақауларға күрделі реконструктивті-пластикалық операциялар жасалынады. Кейінгі жылдары еліміз бойынша туа біткен даму кемістіктері мен хирургиялық патологиясы бар балалардың көбейіп кеткені рас. Бұған түрлі факторлар себеп болып жатады.

Гүлмира Төлепбекқызының айтуынша, нәрестелерде туа бітті кездесетін аурулардың көбі, 50 пайызға жуығы асқазан, ішек жолдарының ақаулары, соның ішінде өңештің, ішектің бітелуі жиі кездеседі. Мұндай ауруларға хирургиялық ота жасалады.

«Нәрестелердің қандай да бір кінәратпен туылуының негізгі себебі әйелдің денсаулығына тікелей байланысты, сондай-ақ отбасылардың әлеуметтік жағдайларының төмендігі, аналардың өз денсаулығына салғырттық танытуы. Туабітті аурудың даму себебі – инфекциялық аурулар. Әйел адам инфекциялық аурулардан дер

ОТАДАН КЕЙІНГІ ОҢАЛТУДЫҢ МАҢЫЗЫ ЗОР

Біздің еліміздегі медицина саласындағы күрделі мәселелердің бірі – реабилитациялық орталықтардың жеткіліксіздігі. Гүлмира Төлепбекқызы осы мәселе жөнінде де ойымен бөлісті.

«Балаларға кез келген ота жасағаннан кейін белгілі бір уақыт дәрігердің қарауында болуы керек. Біз балаларды ауруханадан шығарда 1 айдан кейін немесе 2 айдан соң қайта келіп қаралу керек екенін жазып береміз. Шалғайдағы ауылға кеткен аналар балаларын әкелуге мүмкіндігі болмай қалады. Кейде әлгі балалардың ары қарайғы тағдырынан хабарсыз қаламыз, осы қынжылтады. Отадан кейін реабилитациялық көмек баланың әлеуметтік ортаға қалыптасуына, қатарластарынан қалмауына ықпалы зор. Ауылдарда болмаса да, аудан орталықтарында, республикалық орталықтарда реабилитациялық бөлімшелер ашу қажет. Балалар еліміздің болашағы, олардың қоғамның толыққанды мүшесі ретінде қалыптасуына бәріміз жауаптымыз», – дейді дәрігер.

МАМАН КЕҢЕСІ

Дені сау ата-анадан денсаулығы мықты бала туылады

Ана мен баланың амандығы, ұрпақтың саулығы бәрінен де маңызды. Сондықтан да қазақ халқы дүниеге бала әкелудің қаншалықты қиын екенін «Жүкті әйелдің бір аяғы жерде, бір аяғы көрде» деген екі ауыз сөзге сыйғызған. Қазіргі замандағы экологиялық, психологиялық, әлеуметтік жағдайларға байланысты әйелдердің бала көтеруі, дүниеге дені сау ұрпақ әкелуі тіпті күрделі мәселеге айналып отыр. Жаңа туған балалардың денсаулығында кінәрат болмау үшін болашақ аналар өз денсаулығына зор жауапкершілікпен қарау керектігіне дәрігер ерекше басымдық беріп, өз кеңесімен бөлісті. Өйткені, Гүлмира Төлепбекқызы өзі де үш перзент тәрбиелеп отырған аяулы ана.

«Кез келген қыз-келіншек ең алдымен өз денсаулығына ұқыпты болуы керек. Жүктіліктің алдында ұзақ созылмалы қабыну ошақтары болса, толық емделіп, арзаны тазалаған жөн. Бір отбасындағы ері мен әйелі де бірдей дәрігерлік тексерістен өтіп, қан талдамаларын тексеріп, қандай да бір аурулар болса, бірге емделуі тиіс. Сонда ғана дені сау ата-анадан денсаулығы мықты бала туылады», – дейді Гүлмира Төлепбекқызы.

Салмағы жеп-жеңіл, бір уыс мақтадай нәрестелерді күтіп-баптап, өмірге икемдеп, аман алып қалуда неонатолог-дәрігерлер мен балалар мейірбикелерінің еңбегі өлшеусіз. Мерзімінен ерте туған сәбилердің дұрыс өсіп-жетілуі үшін ұзақ уақыт, айрықша қамқорлық, төзім мен шыдамдылық, жанапшырлық пен мейірімділік қажет. Бір жапырақ шақалаққа ота жасап, екінші өмір сыйлайтын ең төзімді маман иесі Гүлмира Төлепбекқызына еңбегінің жемісін көруді тілейміз.

АМАНГЕЛДІ ИМАНОВ – 150

Алматыда Орталық музейде 1916 жылғы Торғай уезінде өткен ұлт-азаттық көтерілістің бас сардары, теңдік жолындағы күрескер батыр – Амангелді Имановтың 150 жылдығына орай «Халықтың ұлы, хас батыры – Амангелді» атты әдеби-сазды кеш өтті.

БАТЫРДЫҢ АТЫ ӨЛМЕЙДІ

Аталмыш кешке – А.Имановтың жиен немересі еңбек ардагері, қоғам қайраткері Сәуле Алтынбаева, «Құрмет» орденінің иегері Дәрия Әбіқұлқызы мен ақын Аманғазы Кәріпжанәулеті қатысып, П.Чайковский атындағы Алматы музыка колледжі директорының орынбасары Гүлнар Базарбайқызы құттықтау сөз сөйледі.

Кешті Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы мен П.Чайковский атындағы Алматы музыка колледжінің студенттері сазбен сүйемелдеп отырды. Сонымен қатар, Қазақ ұлттық консерваториясының түлегі, күйші, Торғай өңірінен арнайы келген Ермек Қазмұхамбетов өнер көрсетті.



Кеш соңында қонақтар Орталық музейдің «Қазақстан тарихын зерттеу» бөлімі ұйымдастырған көрмені тамашалады. Көрмеде Торғай көтерілісінің жетекшілері мен қатысушыларының тарихи рөлін айғақтайтын фото-материалдар қойылды. Кеш қонақтары А.Имановтың өмірімен танысып, жеке заттарын көріп, сардар жөнінде мол мәлімет алып қайтты.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.

АВИАЦИЯ

ӘЛЕМДЕГІ АЛЫП ҰШАҚТЫ БАСҚАРАТЫН ҚАЗАҚ

Алматы аумағындағы Байсерке ауылынан шыққан Біржан Талғатбекұлы әлемдегі ең алып лайнердің бірін басқарады. Қазақ ұшқышы жайлы Azattyq Ruhу басылымы жазған болатын.



Біржанды алпауыт шетелдік компанияның басшылары үш күндік сынақтан соң бірден жұмысқа қабылдаған екен. Ол бүгінде 600 адам сыйып кететін әуе кемесінің ұшқышы. Ең қызығы, Біржан ұшқыш мамандығын небәрі екі жыл ғана оқыған. Оны Біріккен Араб Әмірліктерінің әуе компаниясы Қазақстаннан шақырып алған. Келісім-шарт негізінде жұмыс істеп жатқан Біржан алып ұшақпен әлемнің түкпір-түкпіріне жолаушыларды тасып жүр.

Білікті ұшқыш ШҚО-ның Біржан деген ауылында дүниеге келген. «Әкем Талғатбек Кәмісхан Мәскеу облысындағы Егорьевск қаласында Чкалов атындағы авиациялық техникалық колледжін, сосын Алматыдағы Азаматтық авиация академиясын тәмамдаған. Алматыдағы ұшақтарға техникалық қызмет көрсету орталығында Ан-24, Ту-134, Як-42, Ту-154 ұшақтарында инженер-механик болып жұмыс істеді. Балалық шағым Алматы облысындағы Байсерке ауылында өтті. Мектепті Алматыда оқыдым. Сабақтан бос уақыттарда әртүрлі спорт секцияларына, домбыра үйірмесіне де қатыстым. Бүгінде отбасыммен Дубайда тұрамын, бір баламыз бар», – деді Біржан.

Айнұр СЕНБАЕВА.



ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

ТӘТТІ СУСЫНДАР

адам ағзасына өте зиян



Серік
ЖҰМАБАЕВ

Қазір елімізде қанты көп сусындарды тұтынудың салдарынан қант диабеті, семіздік және жүрек-қан тамыры аурулары көбейіп барады. Мәселен, тек қант диабетіне шалдыққандар соңғы бес жылда 31 пайызға өсіп, 400 мыңға жуықтады. Егер бұлай жалғаса берсе, 2030 жылға қарай науқас саны 1 млн-нан асады деп болжап отыр мамандар.

Тәтті, газдалған, энергетикалық сусындар, шырындар мен салқындалатын тәтті шайларды көп тұтынудың салдарынан балалардың тісі шіріп, семіздік белең алып барады. Елдегі 6 млн баланың 3,2 пайызы семіздікке шалдыққан. Халықтың 20 пайызы артық салмақпен күресіп әлек. Соңғы 5 жылда жүрек-қан тамырлары аурулары 16 пайызға өскен. Денсаулық сақтау министрлігі салықты көбейтіп, қолжетімді тауарды қымбаттатқанда ғана тұтыну азаяды деген үмітте. Сол себепті, «Дені сау ұлт» бағдарламасы аясында 2025 жылға дейін салықты 45 пайызға көтеруді ұсынып отыр.

Семіздікке ұшыратады

Қазір көшеге шықсаңыз, екіншісінің бірінің қолынан кока-кола немесе газдалған сусын көресіз. Олардың жарнамалары да самсап тұр. Бірақ олардың ағзаға тигізер зиянына көпшілік мән бермейді.

Газдалған сусындардың көбінің құрамында калория бар. Калориясы, соның ішінде қант құрамы жоғары тағам және сусын өнімдері салмақтың артуына, семіздікке ұшыратады. Коланың бір құтысы жарты келі салмақ қосуға сеп. Яғни газдалған сусындарды жиі пайдалану семіздікке душар етеді. Екіншіден, мұндай сусын тістеріңізді құртады. Газдалған сусындардың құрамындағы көп мөлшердегі қант пен қышқылдар тіс эмалін бұзады. Әрі қарай басқа да тіс аурулары пайда болады. Үшіншіден, бұл бүйрекке де зақым келтіреді. Газды сусындардың құрамында фосфор қышқылы өте көп. Ол бүйректе тас жиналуға себепкер. Төртіншіден, жүрек-қан тамырлары жүйесінің жұмысына да кері әсер етеді. Яғни 1 құты газды тәтті сусын инфарктың пайда болу қаупін 20 пайызға арттырады. Сондай-ақ, жүрек жұмысына, қан қысымына кері әсер етеді. Бесіншіден, фосфор қышқылы ағзадан кальций, магний, тағы басқа ағзаға қажетті минералдарды жуып тастайтындықтан, адамның сүйегі әлсіз, сынғыш келеді. Артрит, остеопорозға шалдығуы әбден мүмкін. Алтыншыдан, газды сулардың құрамында бисфенол-А деген компонент болады. Ол обыр ауруларының пайда болуына басты себепші. Сонымен қатар, репродуктивті функцияның бұзылуына апарып соғады.

Бұрынғы лимонадқа жетпейді

Алматының көшелерінде әйгілі ертегі кейіпкерлерін бейнелейтін жарнама қаптап кетті. Көрсекұмар бала дүкенге барса, сүйікті кейіпкері құшақтаған тәтті суға жармасын дегені. Бірақ осы жарнаманы көрген сайын балалық шағы кеңес дәуірінде өткендер қоңыр шөлмектегі 10 теңгелік лимонадты тамсана еске алады. Шынын айту керек, ол кездегі тәтті суды қазіргісімен салыстыра алмайсың. Дәмі де, құрамы да басқа. Сақтау мерзімі жеті күннен аспайтын. Шыны шөлмек деген келмесе кеткен. Ал бұрынғы лимонадты шығарайын



десе, отандық компаниялар сусын дәмін қалпына келтіре алмай жүр. Мамандардың пікірінше, бұл нарық әлі толық дамымаған. Егер келешекте маркетингін дұрыс ұйымдастыра алса, жаңа ойыншы кәсібін деңгелетіп әкете еді.

Кезінде октябряттар мен пионерлердің сүйікті сусынына айналған лимонадты келе-келе капиталистік сусындар – пепси мен кола алмастырды. Сарапшылардың пікірінше, осы екі сусын отандық нарықтың 65 пайызын бөліп алған көрінеді. Мұндай нәтижеге трансұлттық корпорациялардың маркетингтік құрылымдарының көп жылдық тәжірибесі ықпал еткенге ұқсайды.

Сарапшылардың айтуынша, еліміздегі алкогольсіз сусындар нарығы – экономиканың қарқынды дамып келе жатқан бөліктерінің бірі. Сусын саудасы қыста да тұралап қалмайды. Түрі де көп. Газды сусын нарығы жылына 1,300 млн литр деп бағаланып, жыл сайын шамамен 5 пайызға өсіп келеді. Тұтынушы кез келгенін дәміне қарай, бояуы бар, бояуы жоқ, дәрумені мен минералы бар деп таңдай алады. Одан басқа нарықта функционалдық-энергетикалық, спорттық, т.с.с. сусындар пайда болған.

Ерте қартаюға әкеліп соғады

Бұл пікірді Қазақ тағамтану академиясының қызметкерлері де құптады. Олардың айтуынша, бұл сусын адамды алкоголь мен есірткі секілді өзіне тәуелді етеді. Тіпті бұл ғылыми түрде дәлелденген. Оның құрамында кофеин, эфедрин, адреналин мен никотин қышқылы, басқа да синтетикалық қоспалар асқазанда жара пайда болуына, жүрек-қан тамырларының тарылып, жүйкенің жансыздануына, бүйрек жұмысының бұзылып, мидың әлсіреуіне әкеліп соғады екен.

Сонымен қатар, ағзадағы өмір бойына жететін энергия мен күш-қуатты тез арада сыртқа айдап шығаруға бағытталған сусын адамның күш-қуатын сарқа тауысып, әлсіздікке ұшыратып, тез қартаюға себеп болады. Сондықтан Қазақ тағамтану академиясының мамандары энергетикалық сусындардың бір бөлігін дәріханаларда және керек болған жағдайда ғана белгілі бір мөлшермен сату керек деп есептейді.

ТҮЙІН:

Қалай десек те, бұл сусындардың қауіпті екендігін дәрігерлер баса айтып отыр. Енді халықтың өзі осыдан тиісті қорытынды шығарса дұрыс-ақ болар еді. Себебі, сусынның тым уыттылығы, шектен тыс газдалуы жас ұрпақтың өмірін қасіретке бастайды. Қасиетті Құран Кәрімде Алла Тағала: «Өз-өздерінді өлтіруші болмаңдар, расында, Алла сендерге мейірімді» деген. Тіпті Имам Ибн Хәзм (р.а): «Денсаулыққа зияны тимейтін нәрселерді жеуге рұқсат етіледі, ал денсаулыққа зияны тиетін нәрселерді ішіп-жеуге тыйым салынады!» деген. Ендеше, адам денсаулығы қоғам үшін де, ел үшін де, тіпті тіпті әр адам үшін де өте маңызды. Ол Алланың адамзатқа берген зор аманаты. Ал аманатқа қиянат жасамау барша мұсылманның парызы екендігін еш ұмытпауымыз керек.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Бақытжан ҚАЛМАХАНҰЛЫ,
қала тұрғыны:

Бұған тыйым салу үшін кешенді шаралар ұйымдастыру қажет

Біз шетелдіктердің эксперимент жасайтын орталығына айналып кеткен жоқпыз ба деген ой туады кейде. Газдалған, энергетикалық сусындар, түрлі жеңіл есірткілер, алкоголь, темекі, қару-жарақ, интернет, еліктіретін құмар ойындардың қаптауы – барлығы солардың жасаған әрекеті тәрізді. Олар мұны әдейі жасай ма деген күдік те жоқ емес. Олар адамдардың саясатпен айналыспауы үшін тек күнкөріс қамымен жүргізіп, түрлі ауруларды қолдан таратады. Әлгі СПИД, құс, шошқа тұмауы деген секілді ауруларды, сонымен қатар газдалған тәтті, энергетикалық сусындар, жеңіл есірткілер сол шетелдің зертханаларында шығады. Оның үстіне, мұнда сол сусындардан үлкен пайда тауып отырған магнаттар бар. Оларға улы сусындарды таратуға шектеу қою тиімді емес. Сондықтан бұған тыйым салу үшін жоспарлы шаралар ұйымдастыруымыз керек.

МАМАН КЕҢЕСІ

Гүлжан АМАНОВА,
балалар дәрігері:

Энергетикалық сусындар – белсіздікке ұшыратады

Энергетикалық сусындар адам ағзасына өте қауіпті. Оны күнделікті пайдалануға болмайды. Егер адам оны жиі қолданса, оның жүйке жүйесінің қызметіне нұқсан келтіреді. Тіпті оны сырамен бірге ішсе, адамды бірден мас қылады. «Бұл сусындар бастапқыда спортпен шұғылданатын адамдарға белгілі бір күш-жігер қажет болғанда қолдануға ұсынылған болатын. Алайда, қазір мұны жастар да, мектеп оқушылары да жиі пайдаланып отыр. Энергетикалық сусындарды жиі пайдаланатын мектеп жасындағы балаларды тексеріп көретін болсақ, олардың бауыры 35 жастағы маскүнемнің бауырымен бірдей болып тұрады. Бұл улағыш сұйықтықтың балалар көп ішсе, жастайынан түрлі ауруларға шалдыққыш болады. Жүрек дертіне, жүйке жүйесі, асқазан, бауыр, тіпті қатерлі ісікке ұласады. Сондықтан мұндай сусындарды аяғы ауыр келіншектерге, балаларға, жасөспірімдерге, жүрек-қан тамырлары ауруларымен ауыратын адамдарға мүлдем пайдалануға болмайды. Тіпті, оны жастардың өзі көп ішсе, оның арты белсіздікке әкеп соқтыруы мүмкін. Сондықтан ұрпақ болашағын, ұлт келешегін ойласақ, мұндай сусындардың таралуына мүлдем тыйым салуымыз керек.



АРАЛАС ЖЕКПЕ-ЖЕК

БИІКТЕН ДЕ БИІК БАР

Қазақ оғландары дүние жүзінде атой салып,
батыр халықтың ұрпағы екендігін танытып келеді

Қазақ спортының әр саласында өрлеу бар. Соның бірегейі ол – аралас жекпе-жек. Осы жағынан алғанда мықты, білекті, жүректі жігіттер танылып жүр. MMA тұғырынан кейінгі жоғары деңгей UFC белесіне көтерілу – үлкен абырой. Мұны бүкіл ғалам тамашалайды. Сондықтан аталған дәрежеде өнер көрсетуге әркім құштар. Ал мұндай шыңнан көріну зор бақыт.

Ережесіз жекпе-жек бойынша мықты елдер жетерлік. Әсіресе, АҚШ, Оңтүстік Америка құрлығындағы Бразилия, Еуропадағы Испания, Қап тауының ішіндегі ағайын, Азия тарапынан Қазақ елінде көптеген сайыстар ұйымдастырылады. Аталған мемлекеттерден әлем танитын, қарымы мен қайсарлығы қатар тұрған спортшылар шығып жатыр.

Табысқа намыс апарды

Бүгінгі таңда елге белгілі тұлғалар ұлттық намысты жани түсуде. Аталы сөздің ауқымы ұлғайып келеді. Осыған жауап сияқты, спортшыларымыз да әлемдік аренада қазақтың Көк байрағын үстем етіп келеді. Әнұранымызды асқақтатады. Кейбір спорт түрлеріне орай, қазақтың рухын көтеретін әндер шырқалады. Бұл қазақты әлемге танытудың ерен үлгісі саналады.

Негізі, күшті епті қолдану, соққыны дөп дарыту, ұрымтал сәтте сұлатып түсіру – аралас жекпе-жекте анық байқалады. Мұны көріп отырған көрермен де, спорт сарапшысы да өткен-кеткен қателікті аңдап отырады. Сәл қиғаш тепсең, бекерге шаршап қаласың. Ал ашық тұстан кіріп, шалып шығып, жанды жерден ұрсаңыз, демек, жетістікке жеттім дей беріңіз. Бұл қарапайым қағида деп ойлаймыз. Көбінесе спортшы жанкүйерлеріне жұмыс істеп жатады. Сөйтіп, сегізбұрышта шаршаңқырап қалады. Мұндай сәтті қарсылас қалт жібермейді. Спортшының күшті артық жұмсап, шаршауға бой алдырғаны тез байқалады. Ондай кезде тағы бір айла бар. Яки соққы дарытып, тебу қиын сәтте арқа тұсқа өтіп немесе күресу арқылы жерге құлатып, қылғындыруға көшеді. Дөп осы тұста қарсылас та жанталасады. Кейбірі қолын тартады. Елтілер аяғын керісінше кереді, осындайда шыдап тұруға жан шыдас бермейді. Әлбетте, қарсыласқа жол береді, 3 мәрте жерді соққылайды. Ол жеңілгендігін білдіреді. Көбі осылайша жеңіске жетіп, жарқырап көрініп жатыр.

Жерлестеріміз жеңіс тұғырынан көрінуге барын салып жүр. Ұлттық киімді киіп, мұхиттың арғы жағында өнер көрсетеді. Сырт жерде аура тым басқаша өрбиді. Ол жақтың жұртшылығы өзге елден келген спортшыны қолдамасы анық. Мейлінше өз елінен шыққандарды қолдап бағады. Тіпті, көптің көзінше ойсырай құлап, сүрініп, жеңіліске тап болса да, қолдаудан қайтпайды. Ал осындай сәтте қолдау тапқан спортшы өз халқының намысын жанитыны, соған лайық болуға тырысатыны ақиқат.

Қайтпас қайсарлық керек

Аралас жекпе-жек – үлкен қажыр-қайрат пен көп дайындықты қажет етеді. Бір күн жаттығудан қалдыңыз, демек біраз мүмкіншілікті жібердіңіз деген сөз. Қай спортшымен тілдесеңіз де, осы жағдайды қозғайды. Олар күніне 2-3 реттен жаттығу өткізіп жатады екен. Бұндай машықтанудан өтуге



әрбірі шыдас бермес. Аса қатты физикалық һәм моральдық дайындық қажет.

Қазір әлеуметтік желінің құдіреттілігі артып тұр. Содан барша спорт түрін тікелей эфирден де, араластырып та көреміз. Сонда бір байқағанымыз, таңқалатын сәттер өте көп болады. Құлап жатып, қанша жерден тығырыққа тіреліп жатса да, қайта өз-өзіне келеді. Тұрып барып, қарсыласты аямай соққыға жығып, оны сұлатып түсіреді. Міне, осы сәтте түрлі әдіс-тәсіл қолданады. Құлды бір төбелес бағытындағы фильмдерді көріп отырғандай боласыз, солардағыдай ғажайып сәт болып жатады. Сондай сәтте қайтпас қайсарлықтың ерен үлгісіне куә боламыз.

Негізі спортшыға қайтпас мінез керек. Мінезді адам талай биіктің еңсереді. Айрықша сәтте, сын сағатта қиыннан қиыстыру шеберлік. Дүйім жұрттың ортасында естен танып, ұйқыға кетіп жатсаңыз, ұятты боласыз. Әркім де ондайды қалай бермес. Дегенмен, жеңіс бір жаққа қарай ойысуы қалыпты құбылыс.

Оғлан болу оңай емес

Қазақ елінің спортшылары әлемді таңқалдырып жүр. Осы уақытқа дейін MMA жұлдыздарын көп білдік. Қап тауының ішінде ғұмыр сүретін Дағыстан, Шешенстан, оңтүстіктегі ағайындар – Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан және қазақ елінің спортшылары бір-бірімен бәсекеге түсіп, сайысып жүрді. Оны бәріміз түрлі бейнежазбалардан көріп тамашаладық. Одан да биік жетістік бар. Ол – UFC.

Оғландарымыз UFC дәрежесінде өнер көрсете бастады. Осыған дейін Данияр Исмағұлов, Шавқат Рахмонов сынды бауырларымызды танитынбыз. АҚШ-та өнер көрсету арман болып жүр еді. Ендігі кезекте жол ашылған сияқты. Дара жол салынды. Бастысы, осы бағыттан таймау қажет. Қазақ намысты, білекті, қарсыласынан қайтпайтын асыл мінезге ие. Сан мыңдаған жылдардан бері нағыз ер екендігін дәлелдеп келеді. ХХІ ғасырда құндылықтар алмасқан сәтте жастарға жігер беріп, ер мінезді әрі спортқа жақын болуды меңзеп жүрген ережесіз жекпе-жек өнерінің жігіттеріне мың алғыс. Ең

бастысы, денсаулықты сақтап, дене мүшесі майып болатын жағдайға ұшырамаса екен дейміз. Қалған жетістік өз ретімен келе жатар.

Асу белеске шықты

Жақында отандық басылымдарда жақсы жаңалық жарқ етті. Сөйтіп, көңіл күйді бір серпілтіп жіберді. Бұйырса тағы бір отандасымыз UFC-ге келісім-шартқа отырыпты. Осыған дейін көш үзіліп, сабақтастық ажырағандай көрініп еді. Бұл жолы ондай үмітсіздік жойылған іспетті. Қазақ спортшысы Азат Мақсұм алдағы уақытта UFC-де өнер көрсетейін деп тұр.

Қазақ аралас жекпе-жегі өзіндік дара жолын тапқан сияқты. Біздің жігіттер өздерін қамшылау үстіне қамшылап, жігерін қайрап барады. Тағы бір жерлесіміз Асу Алымбаев осыған дейін UFC келісіміне қол жеткізіпті. Осының өзі зор бақытқа баланады. Демек, біздің жігіттерді барша әлем таниды деген ойдамыз.

Еліміздің жауынгерлері бүкіл әлемді таңқалдырып жатса, нұр үстіне нұр болар. Жастар өсіп, мықты спортшылардың есімдері белгілі бола бастады. Бәрі де қаншама жолдардан өткен. Кем дегенде 7-8 турнир өткізген, соның арқасында ел-жұртқа танылды. Сөйтіп барып осындай белеске қарай бағыт алды. Жерлестерімізге жеңіс тілейміз. Ең бастысы, Америкада қазақ елінің спортшыларына ешкім тең келмейтіндігін аңғартса деген ниеттеміз. Сәттілік болғай!

P.S.

Қазіргі таңда белгілі бір мемлекеттің мерейін үстем ететін екі айрықша сала бар. Ол – өнер мен спорт. Осы екеуіне абай болған және қолдау-қошеметін білдірген ел озады. Сондықтан ел намысын қорғап, ұлтының ұлттық жәдігерлерін паш етіп жүрген спортшылардың жеңіс тұғырынан жарқырай көрінулеріне тілекшіміз.

ТЕННИС

Жеребе жерге қаратпасын

Астанада Билли Джин Кинг кубогының (командалық әлем чемпионаты) іріктеу кезеңі аясында өтетін Қазақстан–Польша матчының жеребесі тартылды.



Бәсекені дүниежүзілік рейтингте 45-орында тұрған Юлия Путинцева мен әлемнің 19-ракеткасы Магда Линетт бастады. Бұл кездесуде қазақстандық спортшы жеңіске жетті. Енді Қазақстанның бірінші, әлемнің 7-ракеткасы Елена Рыбакина мен рейтингте 253-сатыдағы Вероника Фальковскаға кезек келеді.

Бүгін Елена Рыбакина – Магда Линетт, Юлия Путинцева – Вероника Фальковска және жұптық сындағы Анна Данилина/Гезал Айнитдинова – Алисия Росольска/Вероника Фальковска кездесулері жоспарланған. Сенбі

күнгі ойындар да 13.30-да басталады. Жеңімпаз команда әлем чемпионатының финалдық кезеңіне жолдама алады. Ең негізгісі осы сайыстардың нәтижесіне байланысты болғалы тұр. Егер ұтып жатса, қазақ теннис спорты тағы бір саты көтерілгені тұр. Сол сенім шындыққа айналса екен деп үміттенеміз.

БОКС

Қазақ бокс спортының тағы бір өкілінің алдағы жекпе-жегі белгілі болды. Бұйырса, Мейірім Нұрсұлтанов жекпе-жегін тамашалайтын боламыз.

Салмағын білдік, алмағын көрейік

Отандасымыз Оңтүстік Кореяның Инчхон қаласындағы бокс кешінің басты кездесуінде шаршы алаңға шығып, жеңіліп көрмеген жапондық Кадзута Такесакомен (15-0, 14 KO) жұдырықтасады. Қос боксшы WBO International тұжырымы бойынша орта салмақтағы титул үшін күш сынасады.

Жекпе-жек алдында екі қарсылас салмақ өлшеу рәсімінен өтіп, орта салмақтағы шекті (72,57 келі) бағындырды. М.Нұрсұлтанов бұған дейінгі кездесуін 2022 жылдың қазанында Люблинде (Польша) аргентиналық



Марсело Эстебан Косереске (31-5-1, 17 KO) қарсы өткізіп, жеңіске жеткен болатын.

Ал Такесакоға келсек, ол қараша айында Токиода өткен жұдырықтасуда оңтүстік-кореялық Гюн Мо Юны (8-8-3, 1 KO) үшінші раундта нокаутқа түсірген еді.

Бетті әзірлеген
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 14 сәуірдегі №2/220-242 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, Алматы қаласы Жер комиссиясының 2023 жылғы 7 сәуірдегі №2 қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Ортақ пайдалануындағы объект (аумақты абаттандыру және көгалдандыру) үшін Алматы қаласының Медеу ауданы, Рубинштейн көшесінің шығысы, Жамал Омарова көшесінің солтүстігінде орналасқан жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
- Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.
- Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.
- Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.
- Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:
 - заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелерін ескертсін және жер учаскесінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
 - жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ә.Е.Әбдіқадыровка жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің
2023 жылғы 14 сәуірдегі
№2/220-242 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иеліктен шығарулуға жататын жер учаскелерінің тізбесі

P/c	Жер учаскесі меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1	Тулаева Нигора Абдухамидовна Машкалов Марат Бауржанович	20-315-022-398	Рубинштейн көшесі, 38/2	0,1078
2	Алагузов Турсенгали Турумович, Алагузова Баян Максатовна	20-315-022-399	Рубинштейн көшесі, 38/1	0,2005

Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 14 сәуірдегі №2/220-243 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2022 жылғы 29 қарашадағы №13 қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Ортақ пайдалануындағы объект (сайбақ) үшін Алматы қаласының Медеу ауданы, Райымбек даңғылының оңтүстігі, Пушкин көшесінің батысында орналасқан жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүліктерді осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
- Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.
- Меншік иелері (жер пайдаланушылар) жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.
- Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.
- Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:
 - заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелерін (жер пайдаланушыларды) ескертсін және жер учаскесінің меншік иелеріне (жер пайдаланушыларға) өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
 - жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де шараларды қабылдасын.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ә.Е.Әбдіқадыровка жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің
2023 жылғы 14 сәуірдегі
№2/220-243 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иеліктен шығарулуға жататын жер учаскелерінің тізбесі

Р/с	Жер учаскесі меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1	«Аслан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-315-047-216	Медеу ауданы, Пушкин көшесі, 1-б учаске	0,0174
2	«Аслан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-315-047-370	Медеу ауданы, Пушкин көшесі, 1-г учаске	0,0147
3	«Аслан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-315-047-368	Медеу ауданы, Пушкин көшесі, 1-г учаске	0,0248

ХАБАРЛАНДЫРУ

Алматы қаласы Спорт басқармасы «№10 Олимпиадалық резервтегі мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын бірінші басшысының бос азаматтық қызмет лауазымына орналастуға конкурс жариялайды

Үміткерге қойылатын талаптар: дене шынықтыру және спорт саласы бойынша жоғарғы білімі және профессионалдық дайындығы бойынша кәсіпорынның профиліне сәйкес басшылық қызметте және мамандығы бойынша 5 жылдан кем емес жұмыс тәжірибесі болуы керек.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарының ресми басылымдарында («Алматы ақшамы», «Вечерний Алматы» газеттерінде) конкурс өткізу туралы соңғы хабарландыру жарияланған кезден бастап 15 күнтізбелік күні ішінде тапсырылуы тиіс.

Конкурсқа қатысу үшін келесі құжаттарды ұсыну қажет:

1) конкурсқа қатысу туралы өтініш;

2) мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндеме;

3) еркін нысанда жазылған өмірбаян;

4) білімі туралы құжаттардың көшірмелері;

5) еңбек кітапшасының (ол болған кезде) немесе еңбек шартының көшірмесі, не соңғы жұмыс орнынан жұмысқа қабылданғаны және еңбек шартының тоқтатылғаны туралы бұйрықтардың көшірмелері;

6) «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушысының 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6697 болып тіркелді) бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс өтіліне, кәсіби даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, сондай-ақ бұрынғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар және т.б.) бере алады.

Өңімелесуге жіберілген үміткерлер, Алматы қаласы Спорт басқармасында мына мекенжай бойынша өтеді: Алматы қаласы, Абай даңғылы 44, 3-қабат.

Анықтама телефондары: 8 (727) 292-41-00.

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Гагарин көшесі, 93 А, мекенжайы бойынша орналасқан «SMART CITY ALMATY» ЖШС БИН 201040009413 өзінің жойылуы туралы хабарлайды. Шағым арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай ішінде қабылданады. Алматы қ., Оспанов к-сі, 54, 5-пәтер. Телефон: +7 701 888 1236.

«ALMATY AQSHAMY»
ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне
2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді **almaty-akshamy.kz** сайтынан да оқыңыздар! «ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 600,50 теңге, 3 айға – 1801,50 теңге, 6 айға – 3603,00 теңге, 8 айға – 4804,00 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1620,50 теңге, 3 айға – 4861,50 теңге, 6 айға – 9723,00 теңге, 8 айға – 12964,00 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 440,50 теңге, 3 айға – 1321,50 теңге, 6 айға – 2643,00 теңге, 8 айға – 3524,00 теңге
Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

«Almaty aqshamy» газеті Алматы мен Астана қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтобе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:
* *мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;*
* *бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;*
* *әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз*

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:
* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

«Almaty aqshamy» жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.
Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

ЦИФРЛЫҚ ДАМУ

Уақытты үнемдеудің төте жолы

Жаналыққа толы білім жүйесі бұдан былай педагогтарды аттестаттаудың барлық процесін автоматтандыруды көздеп отыр. Қызметтің бұл түріне көшу ең алдымен уақытты үнемдейді.

Сонымен қатар, педагогтардың, мекеме басшылары мен білім беру ұйымдарының жұмысын азайтуға мүмкіндік береді. Бұған қоса, педагогтарды аттестаттаудың барлық үдерісі автоматтандырылатын болады.

Оқу-ағарту министрлігінің мәліметінше, Цифрлық даму министрлігі жақын арада техникалық, кәсіптік және орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттардың электронды көшірмелерін беруді бастағалы отыр. Жақында мектеп оқушыларын жеңілдікпен тамақтандыру кезінде талап етілетін анықтама үшін көпбалалы отбасылар туралы мәліметтерді біріктіру жұмыстары аяқталды.

Сонымен қатар, қорғаншылық және қамқоршылық туралы анықтаманы кез келген уақытта eGov платформасы мен eGov Mobile қосымшасы арқылы 30 минут ішінде алатын болды. Алдағы уақытта мұндай анықтамалар сол қосымшадағы цифрлық құжаттардың тізіміне қосылуы мүмкін. Жалпы, Цифрлық даму министрлігі мерзімді әскери қызметке шақырудан кейінге қалдыру құқығы бар азаматтарды автоматты түрде хабарландыру тетігін де іске қосып отыр. Ендігі жерде оларға SMS-хабарламалар тәжірибелік форматта жіберіледі. Қазірдің өзінде осы санаттағы 300 мыңға жуық әскерге шақырылған азаматқа хабарламалар жіберілді. Енді аз уақытта әскерге шақыру комиссиялары да автоматтандырылатын болады.

Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.



Бас директордың міндетін уақытша атқарушы –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМБАБЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-012.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама және тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
e-mail: dalemesh@vecher.kz
тел: 293-08-12.

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына: +7 707 932 39 18 телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор – Досбол АТАЖАН

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортындағы жолаушыларға қолжетімді.



ҚАЛА ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

ӘУЕДЕ САМҒАЙТЫН ӨНЕР

Әлемнің үздік әртістері Алматының цирк күмбезінің астына жиналады

Көрерменді қызықтыру, таңқалдырудың негізгі тетігі – ешқандай сақтандырусыз қауіпті жағдайда өнер көрсету. Бұл өнерде қателесуге болмайды. Циркте жіберген қателікті қайта түзеуге мүмкіндік жоқ. Әр нөмір бір-ақ рет көрсетіледі. Қателік жіберсе жарақат алуы мүмкін немесе өміріне де қауіп төнуі ғажап емес. Сондықтан цирк – фальштен таза, фонограммадан ада өнер. Мұнда кинодағыдай екінші дубль деген жоқ. Цирк – тәуекел мен қауіп-қатері көп ерекше өнер. Осынау таңғажайыпқа толы бұл өнер балаларға ғана емес, үлкендер үшін де қызықты әрі әсерлі.

Цирк күніне орай бүгінгі Қазақ мемлекеттік циркінің тыныс-тіршілігін біліп, алдағы бағдары мен жоспарын анықтау мақсатында аталған өнер ордасының директоры Мақсат ЖАЙЫҚОВПЕН сұхбаттасқан едік.

Қазақ мемлекеттік циркі

Мақсат Жайықовтың айтуынша, бүгінде атақ-абыройы аспандап тұрған Қазақ мемлекеттік циркінің әлемдік аренадағы беделі жоғары. Сонымен қатар, ғаламтор, әлеуметтік желі, қала берді, әлемді әбгерге салған індет қазақ циркінің жұмысына кедергі келтірген емес. Оның айтуынша, цирк ешқашан көрерменсіз қалған емес әрі циркке келушілердің қатары сиреген жоқ.

– Қазақ циркі – әлемдік цирк өнерінде сан қырлылығымен, жанашылдығымен өзіндік орнын айшықты түрде белгілеген өнер ордасы. Сан түрлі өнердің ішінде цирк өнері, цирк мәдениетінің орны бір төбе. Цирк – қиын сала. Олай дейтін себебіміз, әртис сахнада, көрерменнің көз алдында өнер көрсетуі тиіс. Көрерменге түрлі эмоцияны тікелей сезіндіре алуы керек, – дейді цирк директоры.

Бөріне тоқталмай, кейінгі жылдарды ғана қамтитын болсақ, цирк ұжымы түрлі халықаралық байқауларда қанжығасын майлап, еліміздің мерейін үстем етуде. Жалпы алғанда, цирктің жетістігі аз емес.

– Біздің цирк халықаралық фестивальдерге үнемі қатысады. Бұл да қазақ циркінің әлемдік деңгейде өте жоғары бағаланатынын білдіреді. Өйткені, мұндай фестивальдерге шақырту алудың өзі оңай шаруа емес. Мәселен, 2022 жылы біз халықаралық дәрежедегі үш фестивальге қатыстық. Соның бірі – Астана қаласында өткен жыл сайынғы «Азия жаңғырығы» XIII цирк өнерінің фестивалі. Онда әлемнің 13 мемлекетінен сексенге жуық қатысушы өнер көрсетті. ҚР еңбек сіңірген қайраткері Құрманғали Досбатыровтың жетекшілігімен белдіктегі әуе дуэті «Жаңбырмен көкке самғау» нөмірі Күміс – 2-орын және Тәжік мемлекеттік циркінің арнайы сыйлығына ие болды. Равиль Сейдғариевтің жетекшілігімен «Даршылар» нөмірі Алтын – 1-орынды жеңіп алды!

Сондай-ақ, өткен жылы күз айында Саратов қаласында «Принцесса цирка» халықаралық фестивалі өтті. Оған да оншақты мемлекеттен жүзден астам қатысушы келді. Тек қыздар ғана қатысқан фестивальде Анастасия Демидова деген қызымыз қола тәжін алды. Бұл қазақ цирк өнерінің үлкен мектебінің қалыптасқанын білдіреді. Халықаралық аренада өзіміздің шегелеп қойған орнымыз бар, – дейді М.Жайықов.

Бұдан өзге жыл сайын Қазақ мемлекеттік циркінің әртістері Монте Карлода, Жирона, Қытай еліне және әлемнің тағы



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

КЕРЕК ДЕРЕК

Цирктің кәсіби ұжымының тұңғыш қойылымы 1970 жылдың 24 шілдесінде Саратов цирк манежінде қазақ ұлттық «Медеу» бағдарламасымен ашылған еді.

Қазақ мемлекеттік циркінің әртістері әлемге әйгілі Монте-Карло (Монако), Мәскеу, Ижевск (Ресей), Ухань және Учао (ҚХР), Астана, Рига (Латвия), Латин (Италия), Якутск (Саха Республикасы), Фигейрос (Испания), Париж (Франция) қалаларында өткен түрлі беделді халықаралық цирк байқауларының бірнеше дүркін жеңімпазы.

Елімізде ресми түрде тіркелген төрт цирк (Алматы, Астана, Шымкент, Қарағанды) бар. Оның үшеуінде ғана штат бар. Ал Қарағандыдағы цирк штатында артист жоқ, бірақ цирк алаңы бар екен.

басқа мемлекеттеріне сапарлап, өнер көрсетеді. Қазірдің өзінде цирктің бір топ әртісі бір жылдық келісім-шартпен Англияда өнер көрсетіп жүр екен. Бұл да үлкен жетістік.

– Цирк өнері көбіне көшпелі дәстүрмен дамитындықтан, Қазақ мемлекеттік циркі жыл бойы басқа елдерге барып, авторлық бағдарламасын көрсетіп, шетелдік цирк мамандарының тәжірибесін үйреніп келуге тырысады. Жылына оншақты шақырту аламыз. Португалия, Испанияда жұмыс істеп келді. Келісім-шарт, меморандум бойынша Алматыға да

басқа елдерден түрлі цирк ұжымы келіп, өнер көрсетеді, – дейді Мақсат Жайықов.

Көрерменге берері көп ұжым

Талай асулар мен биіктерді бағындырған цирк ұжымы әркез шығармашылық ізденіс үстінде екенін тілге тиек еткен цирк директоры тағы бір жағымды жаңалығымен бөлісті. Биыл шілде айында Қазақ мемлекеттік циркі халықаралық деңгейде фестиваль ұйымдастыруды жоспарлап отыр.

– Шілденің 24-і – Қазақ мемлекеттік циркінің туған күні. Сол күнге орайластырып үлкен фестиваль ұйымдастыруды қолға алдық. Дайындық жұмыстары басталып кетті. Төрт күнге созылатын фестивальге 15 мемлекеттің өнерпаздары қатысады. Яғни әлемнің үздік әртістері Алматының цирк күмбезінің астына жиналады. 10 мемлекеттен эксперттер келеді. Венгрия, Болгария, Франция, Италия, Ресей және Орта Азия елдері цирк өнерінің майталмандары қатысады.

Фестивальдің атауы әзірге белгісіз. Бірақ бұл атау Алматының визит карточкасы болатындай атау болса екен деген ниет бар. Бұл шараны ұйымдастырудағы мақсатымыз – халық арасында цирк өнерін насихаттау, тәжірибе алмасу және халықаралық байланыстарды дамыту, – дейді директор.

Бұл фестивальге қазақ циркінің ұжымы да қатысып, бақ сынайды.

– Еуропадан келетін қазылар алқасын арнайы техника, эффект немесе даңғаза музыкамен таңқалдыра алмайсың. Оларға қазақтың этно, салт-дәстүрі қызығырақ. Бұл фестивальге Nomad Stunts атты-акробатикалық тобы арнайы бағдарлама дайындап жатыр. Еліміздің өзіндік өрнегінің, ұлттық бояуының барын көрсетуге тырысады. Ұлттық әуенмен сахналанған қойылым қойылады, – деді Мақсат Жайықов.

Расымен, әлемде неше түрлі цирк бар болса да, қазақ циркінің даралығын Nomad Stunts тобы ерекшелейтінін ерекше атап өткен жөн. Биыл наурыз айында Мемлекет басшысы Nomad Stunts тобының жетекшісі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жайдарбек Күнғожиновке ер-тоқым сыйлаған екен. Сондай-ақ, Nomad Stunts тобы дүниежүзілік каскадерлер академиясының Taurus World Stunt Awards (АҚШ) сыйлығының иегері. Бүгінде бұл топтың жартысы Өзбекстанда Нетфликс компаниясымен бірлесіп, кино түсіріп жатыр. Оған дейін Голливудта жұмыс істеп келді.

Сөз соңында бүгінде қазақ цирк өнері жаңғыру жолында екенін тілге тиек еткен Мақсат Жайықов бұл өнерді жанашыл идеялар мен жоғары кәсіби шеберліктің көмегімен жақсартып отыруды көздейді.

P.S. Иә, көңіл күйіңізді көтергіңіз келсе – циркке барыңыз. Әрбір қойылымның билет құны соншалықты қымбат емес. Алайда, оның ішіндегі өнердің бағасы қымбат. Одан жан-дүниеңіз тынығып, балаша қуанып, бір сергіп қаларыңыз сөзсіз. Ал сіз циркке соңғы рет қашан бардыңыз?!

Мәншүк БЕКБОСЫН.

